

ТМД АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ДАМУЫТУ МАҢЫЗДЫ

Бішкек қаласына жұмыс сапарымен барған Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Қазақстан Президенті қонақжайлық көрсеткені және ТМД-ға төрағалық ету барысында Қырғыз Республикасының табысты жұмыс атқарғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ТМД жанындағы Серіктес және Бақылаушы мәртебесінің бекітілуін бүгінгі отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтіп, бұл шешім ұйымның кемеліне келгенін және оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететініне назар аударды.

Қазақстан Президенті геосаяси қайшылықтардың шиеленісе түскенін атап өтіп, әлем экономикасында тұрақсыздық күшейгенін айтты.

— Қазақстан жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін экономикалық санкцияларды қолдануға түбегейлі қарсы, — деді Мемлекет басшысы. Бұдан бөлек, Президент Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалға қатысты пікір білдірді.



— Қазақстан халықаралық өзекті проблемаларды шешу үшін лаңкестік әдістерді қолдануға мүлдем қарсы. Ондаған жыл бойы шешімін таппай келе жатқан міндеттерді жүзеге асыру үшін бейбіт азаматтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, террорлық акциялар жасауға болмайды. Бұл — еш ақтауға келмейтін әрекет, — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халықаралық қатынастарда әділдік қағидатын орнатуды, халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшесінің заңды және егемендік құқығын ескере отырып, оны демократияландыруды жақтайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі қазіргі тоқырау жағ-

дайында әмбебап ұйымның өкілдік аясы анағұрлым кең органы саналатын БҰҰ Бас Ассамблеясының рөлін күшейтуге мүмкіндік бар әрі қажет деп есептейді.

— Бұл ретте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде асығыстық танытуға болмайды. Біздің ойымызша, бұл маңызды органға әлемнің барлық

аймағының елдері, соның ішінде жаһандық Оңтүстік мемлекеттері мүше болуға тиіс. Шын мәнінде, бұл ұстанымды осы жиынға қатысып отырған мемлекеттер басшыларының барлығы құптайтыны қуантады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев туындайтын сын-кәтерлерді еңсеруге, табысты ынтымақтастықты нығайту үшін жаңа салаларды іздеуге бағытталған ТМД форматындағы белсенді ықпалдастықты жалғастыруға шақырды.

— Тығыз сауда-экономикалық байланыстарды дамыту негізгі міндет болып қала береді. Достастыққа мүше елдердің нарықтары біз үшін қашанда басымдыққа ие. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымының төрттен бірінен астамы ТМД мемлекеттерімен жасалды. Бұл оң динамика биыл да сақталып отыр. Қазақстанның сауда айналымы 7 айда 4,5 пайызға өсіп, 20,5 миллиард долларды құрады. Біз сауда байланыстарын одан әрі нығайту үшін қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдалануымыз қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАЯУ ШЫҒЫС ҚАНСЫРАП ЖАТЫР

Өткен аптада Палестина өңірінде тағы соғыс басталды. Рас, араб пен еврей халықтарының қырқысы келе жатқанына ғасырдан асқан. Екі күннің бірінде түрлі деңгейде атыс болып жатады. Бірақ осы жолы аймақта адам қаны судай төгілді. Екі жақтың да шығыны аз емес. Ұрысты бастаған «Хамас» тобы еді. Ал қазір Израиль хамастықтар шабуылына еселеп қарымта қайтарып жатыр. Газа секторын жермен-жерден етуге бел байлаған сыңайлы.



ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ КЕТКЕН ШИЕЛЕНІС

Негізі, Араб-Израиль қалқығысының тамыры тереңге кетеді. XIX ғасырда Осман империясының құрамында болған аумақтарда өршіген ұлтшылдық қозғалыс еврей халқының да екі мың жыл бұрынғы атақонысына оралуының басы болды. Кейін Ұлыбритания, Еврей ұлты өкілдерінің Палестина жеріне орнығуына мүдделі болды да, көші-қонды қолдады. Сөйтіп, 1917 жылы Ұлыбритания сыртқы істер министрі Артур Бальфурдың британиялық еврей қауымдастығының өкілі лорд Ротшильдке жазған әйгілі хатынан кейін Израиль мемлекетін құру идеясы ресми түрде басталды. Еврей қауымының Палестинаға көші ұлғайды. Араб-Еврей қалқығысы содан бері тоқтаған емес.

10»

ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙЫРЫ БАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі» заң әзірледі.

ТОРЫҚҚАНДАР ТҰРАҒЫ МҰҢ ШАҚЫРЫП ТҰРАДЫ



Гүлмира Шорайқызы – Amara Investment паллиативті медициналық көмек көрсететін әлеуметтік орталықтың директоры. Ел ішінде мұндай орталықтарды хоспис деп атайды.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ НЫҒАЙТУ ҚАЖЕТ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылдың қыркүйегінде Қазақстан халқы 19 млн 944 мың адамнан асты. Халық санының өскені экономикалық дамуға оң әсер еткенімен, инфрақұрылым, денсаулық сақтау, білім саласы мен еңбек нарығындағы ауқымды мәселелерді күн тәртібіне шығармақ. Осы тұрғыда демографиялық, Чарльз университеті (Прага қ., Чехия) «Болашақ» бағдарламасының түлегі Аида Байғараевамен сұхбат құрған едік.

4»



СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ, ШАРУАЛАР ЗАРЫ

2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Ресми дерек бойынша, қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру. 2030 жылға қарай трансшекаралық өзендердегі су көлемінің азаюынан 1,2 млрд АҚШ долларын жоғалтуымыз мүмкін екені, 2040 жылға қарай су тапшылығы 50 пайызға жетеді деген болжамдар айтылып жүр. Ал 2050 жылға қарай еліміз «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Осы ретте газетіміздің AiQyn-arguments алаңындағы кезекті дөңгелек үстел тақырыбы да осы су мәселесі төңірегінде болды.

5»



ТМД АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ДАМУЫ МАНЫЗДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда кедергілерін жоюға, қолайлы тарифтік жағдай жасауға, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге баса мән беру қажет.

Сонымен қатар Президент Достастық кеңістігіндегі көлік дәліздерін дамыту маңызды екеніне назар аударды.

— Біз өзіміздің бірегей географиялық артықшылығымызды пайдаланып, жаһандық нарықтарды ұштастыруымыз керек. Осылайша, аймағымызды ірі көлік-логистикалық хабқа айналдырамыз. Әлемде жаңа экономикалық география қалыптасып, сауда ағындары ұлғая түскен кәзіргі жағдайда бұл бағыт стратегиялық маңызға ие болады. Бүгінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық-транзиттік тасымалдың 80 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Біз Транскаспий көлік бағытын, Солтүстік — Оңтүстік дәлізін одан әрі дамытуға, сондай-ақ Қазақстан — Түрікменстан — Иран теміржолының мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға айрықша мән береміз. Қазақстан Достық — Мойынты, Бакты — Аягөз, Дарбаза — Мақтаарал теміржол жобаларын тезірек іске асыруды көздейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елдеріміздің транзиттік әлеуетін нығайту үшін кәзіргі қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртып, әкімшілік рәсімдерді қысқарту және интеграцияланған логистикалық, соның ішінде цифрлық шешімдерді енгізу шараларының маңызды екеніне арнайы тоқталды.

Президент ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл құжат Еуразия кеңістігіндегі Достастық елдерінің мүдделерін ескеретін жаңа транзиттік-логистикалық кодқа айналды.



Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін келесі басымдық ретінде атап өтті.

— Анағұрлым өнімді әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамыту үшін өзара ықпалдастықты күшейткеніміз жөн. Озық тәжірибемен бөлісіп, өндіріс пен өткізілетін өнім арасындағы тізбекті жолға қою, сондай-ақ фитосанитариялық және ветеринарлық талаптарды оңтайландыру үшін қолайлы жағдай жасау қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, климаттың жаһандық деңгейде өзгеруі елдеріміздің орнықты дамуына айтарлықтай қауіп төндіреді.

— ТМД-ға мүше бірқатар мемлекеттің аумағында кәзіргі экологиялық ахуал нашарлап, шөлге айналу және су қоры-

ның сарқылу жағдайында бұл проблеманы елеусіз қалдыруға болмайды. БҰҰ бағалауына сәйкес 2050 жылға қарай климаттағы өзгеріс салдарынан бес миллиардтан астам адам су тапшылығына ұшырауы мүмкін. Қазірдің өзінде Орташа Азия елдері Жер шарындағы орташа температураның көтерілуіне байланысты күрделі проблемаларға тап болып отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент еліміздің аталған саладағы маңызды жобалары туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы күш-жігер жұмылдырмай, Еуразия кеңістігіндегі экологиялық катаклизмдердің салдарын енсеру мүмкін емес екенін атап өтті. Сондай-ақ ТМД аясында осы бағыттағы конструктивті қарым-қатынасты нығайту аса маңызды деп санайды.

Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселесіне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше елдер арасындағы көпжакты ықпалдастықта орыс тілі ерекше рөл атқаратынына тоқталды.

— Биыл ТМД-да «Орыс тілі жылы» деп жариялануының символдық мәні бар. Сонымен қатар біз бүгін Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы Шарт пен Жарғыға қол қою жөнінде тарихи шешім қабылдадық. Бұл ұйым дербес халықаралық құрылымға айналды, құқық субъектісі ретінде танылады. Жаңа ұйым барлық ел үшін ашық болады. Өрине, бұл — жаһандық гуманитарлық ынтымақтастық тұрғысынан өте өзекті. ТМД кеңістігінде және одан әлдеқайда кеңірек халықаралық ауқымда орыс тілін насихаттау үшін қабылданып жатқан

шаралар елдеріміздің ұлттық бірегейлігін нығайту үрдісіне кері әсер етпейді. Қазақстан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін күшейту саясатын жалғастыра береді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Достастық елдерінің волонтерлер бірлестіктерінің күш-жігерін жұмылдыру маңызды екеніне назар аударды.

— 2024 жылды ТМД-да Волонтерлік қозғалыс жылы деп жариялау бастамасын құптаймыз. Қазақстан 2020 жылды Волонтер жылы ретінде атап өтті. Еріктілердің ізгі амалдары қоғамымызда тілеу-лестік, мейірімділік және жанашырлық қасиеттерінің терең тамыр жаюына елеулі үлес қосады. Мұндай адамгершілік талпыныстарға жан-жақты қолдау көрсету маңызды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Достастық елдері еріктілерінің жыл сайынғы форумын өткізуді және оған ТМД-ның тұрақты алаңы мәртебесін беруді ұсынды.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында 2024 жылы Ресей Федерациясының ТМД-ға төрағалық етуі және кезекті саммитті келесі жылы күзде Мәскеуде өткізу туралы шешімді қолдады. Сондай-ақ Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті ТМД-ның Құрмет белгісімен марапаттау туралы Қырғыз Республикасының бастамасын құптады.

Сонымен қатар жиында Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев сөз сөйледі.

DIGITAL NOMADS IT-ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Digital Nomads қауымдастығының өкілдерімен кездесті. Бұл — шетелде тұратын және өлемнің жетекші технологиялық компанияларында жұмыс істейтін қазақстандықтарды біріктіретін жоба. Олар қазір елордамызда өтіп жатқан Digital Bridge халықаралық технологиялық форумына қатысу үшін Астанаға арнайы келген.

Палата Спикері соңғы жылдары Digital Bridge форумы айтарлықтай кеңейіп, IT-индустрияны дамыту саласында танымал және беделді алаңға айналғанын атап өтті. Биыл аталған форумға 20 мыңнан астам адам қатысып жатыр. Олардың қатарында

300-ден астам IT компанияның өкілдері мен 30 елден келген делегация мүшелері бар.

Сенат Төрағасы елімізде IT саласына жоғары деңгейде баса мән беріліп келе жатқанын тілге тиек етті. Қазақстан электронды Үкімет пен

финтехті дамыту индексі бойынша әлемдік көшбасшылар қатарында екенін деп атап өткен жөн.

«Мемлекет басшысы таяуда жариялаған Жолдауында IT саласына ерекше көңіл бөлді. Президентіміз 2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу жөнінде стратегиялық міндет жүктеді. Осыған байланысты Парламенттің алдында аталған тапсырманың орындалуын қажетті құқықтық базамен қамтамасыз ету міндеті тұр. Еліміздегі қазір қолданыстағы және қалыптасып жатқан құқықтық жағдай халықаралық компаниялардың біздің нарыққа келуін ынталандыруы керек. Сондай-ақ қазақстандық IT компаниялардың дамуына ықпал етуге тиіс», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында Қазақстанда IT саланы қоғамның сұраныстары мен жаһандық трендтерді ескере отырып дамытудың келешегі талқыланды. Жасанды интеллекттің дамуына қатысты сын-кәтерлер де назардан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар іс-шарада жастар өз тәжірибелерімен бөлісіп, саланың сапасын арттыруға арналған жобаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ САҚТАУ — ОРТАҚ МАҚСАТ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының кубогы сарапқа салынатын «Ел бірлігі» республикалық дебат сайысына қатысушылармен кездесті.

Палата Төрағасы талантты және білімді жастарды қолдаудың маңызды зор екенін айтты. Жас буын елді

жаңғырту және Әділетті Қазақстан құру ісінде қозғаушы күш ретінде айрықша рөл атқарады.

Сондықтан Мемлекет басшысы өз Жолдауында елімізде білім беру сапасын арттыру мәселесіне үнемі баса мән беріп келеді.

«Ел бірлігі» дебат сайысын өткізу мемлекеттік тілді дамытуға және оның

қолданылу аясын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосады. Сенат тарапынан мұндай бастамаларға әрдайым қолдау көрсетеміз. Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған сенаторлар да бұл бағытта белсенді жұмыс істейді. Өйткені ел бірлігін нығайту және мемлекеттік тілдің ұлттық ұйыстырушы рөлін арттыру арқылы қоғамдық келісімді сақтау — біздің ортақ мақсатымыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы палатаның жастарды қолдау бағытында атқарып келе жатқан жұмыстары жөнінде айтты. Мемлекеттік басқару ісіне жас буынды тартудың, тиісті жобалар мен заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы олардың азаматтық әлеуетін жандандырудың маңыздылығына да назар аударды. Сондай-ақ ол Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының және Талдау мектебінің қызметіне тоқталып өтті.

САЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Салық кодексіне енгізілетін түзетулер, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем мен салық салу мәселелеріне қатысты заң жобаларын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Бұл заң жобаларының негізгі нормалары екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық банк ноталарынан түсетін кірісін салықтан босату құқығын алып тастауға, балаларға Ұлттық қордың табысынан аударылатын нысаналы жинақтарды салықтан босатуға бағытталған. Сонымен қатар арнайы экономикалық және индустриалдық аймақтардың қатысушыларына жобаларының құнына қарай салықтық жеңілдіктерді берудің сараланған тәсілін

енгізуді, жеке тұлғалардың берешегін микроқаржылық ұйымдар мен коллекторлық агенттіктер кешірген жағдайда қалыптасқан кірістерді салықтан босатуға көздейді. Сондай-ақ соттарда мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру тәртібін енгізу мен салықтық әкімшілендіруді жетілдіру ұсынылған.

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері бірқатар ратификацияланатын заң жобасын жұмысқа алады. Олар: Қырғыз Республикасымен апаттық іздестіру, құтқару саласындағы ынтымақтастық және «Карасу», «Ақ-Тіле» автожол өткізу пункттері ауданындағы индустриялық сауда-логистикалық кешеніне қатысты келісімдер. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электронды нысанда салықтар алу тәртібін айқындау туралы хаттама мен трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы.

«АҚЫЛДЫ» АУЛАЛАР САЛЫНУДА

Жезқазған облыс орталығына айналғалы қалада он өзгерістер біртіндеп сезіле бастады. Соның бірі — «ақылды» аулалар бағдарламасының қолға алынуы.

Қазір қоғамда тынышсыздық көп. Бүлдіру, қирату, тонау, ұрлау, әлімжеттік жасау және т.б. келеңсіздіктердің басым бөлігі үйлердің маңында, аулалардың ішінде болып жататыны жасырын емес. Өкінішке қарай, солардың көпшілігі дер уақытында анықталмай, қылмыс ашылмай қалып қояды. «Көрдім» деген көп сөз» дегендей, байқамай, көрмей қалғандарды айтпағанда, көзімен көргендердің өздері де іске куә болғысы келмейді. Сондықтан «ақылды» аула бағдарламасының берері көп.

— Жезқазғанда қазір 66 аула «ақылды» аула бағдарламасына тартылды. Соның нәтижесінде әр ауланың төрт тұсынан бейнекамера орнатылып, бұлар қаладағы Жедел бақылау орталығына қосылды. Аулада

не болып, не қойып жатқаны, бейнелеп айтқанда, аталған орталықтың ақша алақанында, жұмса жұдырығында. Осылайша, ендігі жерде жедел әрекет етудің мүмкіндігі молайды. Яғни, бұзақылар бұрынғыдай еркінсіп жүре алмайды, — дейді Жезқазған қаласы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы Н.Әуезов.

«Ақылды» аула бағдарламасының іске қосылғанына ата-аналар да айрықша қуанып жатыр. «Балаларымызды аулаға ойнауға шығарып жіберіп, «не болып қалды екен, әлдекіміздер тарапынан алдап-арбауға, зорлық-зомбылыққа ұшырап қалмады ма екен?» деп алаңдаумен отыратын едік. «Енді мына бейнекамералардың орнатылғаны біздің көңілімізді біршама орнына түсірді. Бұл үшін қала, облыс басшылығына алғыстан басқа айтарымыз жоқ» деген олар бағдарламаның сәтті жұмыс істеуінен үмітті.

Майлыбай КЕТЕ,
Жезқазған қаласы



ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙЫРЫ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі» заң әзірледі. Оның орындалуы барысы бүгін «AMANAT» партиясының баспасөз орталығының алаңында талқыланды.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында заңсыз алынып, шетел асырылған активтерді елге қайтару жұмысын жандандыру қажет екенін атап өтті. Президент оның игілігін бүкіл халқымыз көретінін мәлімдеді.

Осы орайда, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» фракциясының мүшелері тиісті құқықтық тетіктерді әзірлеу мақсатында «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі» заң жобасына бастамашылық етті.

«Еуропалық құқықта азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы конвенция бар. Активтерге әділ жолмен қол жеткізгенін дәлелдей алмаған адамдар міндетті түрде жауапқа тартылады. Тіпті, мұндай заңсыздыққа барған адаммен ешкім әңгімелесіп отырмайды. Тиісінше, заң бұзған адам жасалған қылмыстың мерзімі өтіп кеткеніне қарамастан жауапкершіліктен құтыла алмайды. Заң барлық озық әдістемелерге, халықаралық шарттарға, Конституцияға толық сәйкес келеді. Бұған қоса, бірнеше заңға ілесіп өзгерістер енгізілді», — деді Мәжіліс депутаты Марат Бөшімов.

Халық қалауысы активтерді қайтару жұмысы аясында барлық ақпарат көздерінің мәліметтері, оның ішінде «AMANAT»-тың қоғамдық қабылдау бөлімелері, партиялық бақылау комитеті, БАҚ және азаматтық қоғам хабарлама-

лары ескерілетінін жеткізді. Сондай-ақ ол аталған заңның қабылданыуы күдіктілерге тиесілі банк салымдарын зерттеу процесін айтарлықтай жеңілдеткенін атап өтті.

«Осы уақытқа дейін банк құпиясын зерттеу-зерделеу мүмкін болмап еді. Ал енді жеке тұлғалардың активіне тергеу амалдарын жүргізу кезінде банк саласында ашықтық болуы үшін заңға арнайы норма енгізілді. Мен 17 жылдан бері «Человек и закон» газетінің бас редакторы қызметін атқарып келемін. Бұған дейін осындай мәселе мәслихатын өткізу және мұндай тақырыптарды ашық талқылау мүмкін емес еді. «AMANAT» партиясы аталған заңға бастамашылық ету арқылы халықтың үмітін ақтап, бұрын-соңды болмаған ашықтықты қамтамасыз етіп отыр», — деді депутат.

Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті кірісінің заңды жолмен келгенін растауы тиіс тұлғалардың тізімін жасайды. Бұл туралы Әділет вице-министрі Алма Мұқанова айтты.

«Біз жауапты мемлекеттік қызметкерлер мен мансабын, ықпалын пайдалану арқылы актив жинаған әкімшілік ықпалы бар адамдар туралы айтып отырмыз. Сондай-ақ үлестес тұлғалардың да тізімі жасалды. Яғни, күдіктілердің туыстары мен мүлкінің номиналды иелері назарға алынады. Бұдан соң тізім активтерді қайтару жөніндегі комиссияға ұсынылады. Тізім жабық түрде беріледі. Себебі кінәсіздік презумпциясы барын да ескеру қажет. Мәселен, белгілі бір компанияның акционері аталған тізімге енгізіледі делік. Егер аталған тұлғаның есімі ашық айтылмай болса, оның акциялары мемлекетке берілгенге дейін құнсызданып үлгереді. Яғни, оның активтері құнын жоғалтып алмауы керек», — деді ол.

Вице-министрдің айтуынша, тізімге енген тұлғаға хабарлама жолданады. Өз кезегінде, ол активтері мен кіріс көздері туралы дек-

ларация ұсынуы тиіс. Декларация тексерілгеннен кейін Активтерді қайтару жөніндегі комиссия нақты қандай активтерге қатысты талап қою керектігі туралы шешім қабылдап, азаматтық сотқа жүгінеді.

Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сотқа дейінгі тергеу-тексеру қызметінің басшысы Қанат Сүлейменов 2022 жылдан бері аталған агенттік Қазақстанда заңсыз иемделінген активтердің 856 млрд теңгесін қайтарғанын айтты. Оның ішінде шетелден қайтарылған қаражат қана емес, сонымен қатар жылжымайтын мүлік те бар.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 2022 жылдан бастап бүгінге дейін 856 млрд теңгені қайтарды. Мәселен, үкім шығарылған ӨКМ Операторының ісі бойынша 180 млрд теңге қайтарылды. Ақшаның бір бөлігі жеңілдікпен автонесие беруге жұмсалды. Бұл қаражаттың барлығы әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалды. Жыл соңына дейін тағы 180 млрд теңгені қайтаруды жоспарлап отырмыз», — деді ол.

Заңның орындалуы және Бас прокуратураның дәл қазіргі жұмысы туралы Бас прокуратураның Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық қызметі басқармасының аға прокуроры Айнұр Ибраева айтып берді. Оның айтуынша, бірқатар заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер әзірленді. Онда активтерді қайтару туралы заңның қолданылу тетіктері нақтыланды.

Еске сала кетейік, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясы мүшелерінің бастамасымен «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі» заң әзірленді. Оған быыл 12 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойды. 2023 жылы 5 қазанда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрамында Активтерді қайтару жөніндегі комитет құру туралы Жарлыққа қол қойды.

ӘР ТИЫННЫҢ СҰРАУЫ БОЛАДЫ



Биыл Түркістан облысының бюджетіне түскен кірістер түсімінің артқаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда, 2023 жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, Түркістан облысының бюджетіне 123,5 млрд теңге көлемінде кіріс түсіп, жоспар 106,7 пайызға немесе 7,8 млрд теңгеге асыра орындалды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсім 8,3 млрд теңгеге артқан немесе өсу қарқыны 7,2 пайызды құрап отыр. Бұл туралы Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Бюджеттің қаржысын ысырап етпей, жоспарға сәйкес мақсатты түрде жұмсау және қалағалап отыру басты назарда тұр. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен апталық аппарат отырысында облыс бюджетінің игерілуі және республикалық бюджет есебінен жобалардың қаржыландырылуы барысы қаралды.

Белгілі болғандай, жалпы барлық аудан, қалалар бойынша түсімдер жоспары асыра орындалған.

Аппарат отырысында облыстық Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Абдрахман Тасыбаев бірқатар аудан, қалалар есепті кезең жоспарын асыра орындап

отырғанымен, кей аудандарда жылдық жоспардың орындалуы төмен екендігін жеткізді.

Оның айтуынша, барлық аудан, қала әкімдеріне түсімдердің әрбір түрі бойынша жоспарын, оның ішінде реттелуші салықтардың ай сайынғы жоспарының орындалуын қамтамасыз ету бойынша тапсырма берілген.

Осы тұрғыда өңір басшысы кейбір бағытта қаржының игерілуі қалуы салалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға кезерін тигізетінін ескертті. Аудан-қала әкімдері мен тиісті басқарма басшыларына барлық қаражат толық, сапалы және уақытылы игерілу мақсатында заңға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды. Жиында отандық өнім мәселесі де қалыс

қалмады. Мемлекет тапсырмасын орындаушылар арасында отандық өнім өндірушілерге басымдық беруді жүктелді.

— Мен үнемі барлық басқарма басшыларына, аудан, қала әкімдеріне бюджет қаржыларының тиімді әрі мақсатты жоспарлануына және уақытылы игерілуіне қатаң талап болатынын ескертіп келемін. Бюджеттің әр тиынның сұрауы, есебі бар. Жоспарлау дұрыс болса, бұлай болмас еді. Бюджет қаржысын бағыттау барысында да жобалардың мерзімі ескерілмей, қаржы игерілмей жатады. Осының бәрі ескеру керек. Бюджет қаржысын сапалы әрі тиімді игеріп, жоспарланған түпкі нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмысты жандандыру керек, — деді облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы.

Жиында жыл ішінде бюджетті нақтылау барысында облыстың бюджет көлемін республикалық трансферттер және өз кірістері есебінен ұлғайту барысы талқыланды.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы



«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: МИЛЛИОНДАҒАН АДАМ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨМЕК КҮТЕДІ

Қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейту және оны тарату бойынша Жол картасын әзірлеу Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың төрағалығымен өткен Үкімет жиынында талқыланды.

Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтіп, оның игілігін бүкіл еліміз көруі үшін ауқымын кеңейтуді тапсырған болатын.

Бүгінде мемлекеттік органдар «AMANAT» партиясы мен Halyk bank-тің «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасының ауқымын кеңейту жөніндегі Жол картасын келісу бойынша жұмысты аяқтады. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов атап өткендей, Жол картасында азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық бойынша кеңес беру бөлімін қалдыру қажет.

«Мұндай сарап беру қызметі қажет. Өйткені жоба шаршыларына жүгінетін кейбір қарыз алушылардың табысының жоқтығы немесе қиын жағдайға тап болуына байланысты, оларға қатысты реттеу тетігін қолдану мүмкін емес екенін түсінеміз және мұндай жағдайда мәселені шешудің жалғыз жолы – банкроттық», — деді ол.



Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, азаматтардың барлығы 68 мыңға жуық өтініш түсіп, оның ішінде 5 мыңнан астам қазақстандық банкрот деп танылған.

«AMANAT» партиясымен бірлесіп, біз «Банкроттық туралы» заңға жеке тұлғалар үшін рәсімді жеңілдету және жинайтын құжаттарды барынша азайту үшін түзетулер әзірледік. Яғни, борышкердің өтініші ғана қажет болады, ал қалған құжаттар мемлекеттік органдар мен кредиттік бюро арасындағы деректер алмасу арқылы жиналады», — деді ол.

Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев

жиынға қатысушыларға қарата бірқатар ескерту жасады.

«Жоба бойынша Жол картасы қысқа мерзімде бекітілуі тиіс. Проактивті форматта өз қарызын реттеуден өткен азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін еңбек мобильділігі орталықтарын пайдалану қажет. Миллиондаған адам мемлекеттен көмек күтіп отыр, сондықтан Үкімет бұл бастаманы өз қолына алуы тиіс», — деді ол.

Бұдан басқа, келесі жылдан бастап барлық аудан мен облыс орталығында «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері ашылады. Онда қаржылық сауаттылық бойынша мамандар жұмыс істейді.

«Биыл оқыту тек 8 өңірде жүргізілсе, енді ол бүкіл еліміз бойынша, тек ауылдарда ғана емес, аудандық, облыстық және республикалық маньызы бар қалаларда да қолжетімді болады. Осы жылы біз ешкімді шектемедік, тыңдаушылардың арасында қарызын өтей алмай жүргендермен қатар ешқашан несие алмаған азаматтар да болды. Бұл жылы біз несиеден төлеу мерзімі 90 күннен асқан 1,5 миллион адамға баса назар аударғмыз келеді. 2024 жылы 200 мың адамды оқыту жоспарлануда, қосымша қаржылық сауаттылық бойынша курстар мектептер мен жоғары оқу орындарында өткізіледі. Бұл жалпы 1 млн қазақстандықты қамтуға мүмкіндік береді», — деді «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев.

«Жобаны іске асыру барысы ел азаматтарының шынайы қаржылық жағдайын көрсетеді», — деп есептейді «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңсесінің басшысы Ақмарал Бекмурзаева. Банкрттердің несиелік өнімдерінің жаппай жарнамалануы халықтың қарызға батуына әкеліп соқтырып отыр. Өйткені қаржылық сауатты төмен адамдар банкроттер артық төлем сомасын нақты түсінбестен несие ала береді.

«Қаржылық сауаттылық курсына қатысқандардың 63,1%-ы оқытуға дейін несие бойынша пайыз және артық төлем мөлшері туралы білмеген. Адамдар алған несиеден болашақта қанша есе етіп қайтару керек екенін түсінбестен оп-оңай несие алады. Оқуға қатысқандардың 38%-ы 70 мың теңге көлемінде ғана табысы бола тұра, банкротпен және МҚҰ-нан 2-ден

4-ке дейін несие алған. Оқытылғандардың 13,8%-ының 10-нан астам несиесі бар, олар алдыңғы несиеден жабу үшін тағы да несие алып отырған. Жалпы, қоғамда қаржы жинау мәдениеті қалыптаспаған», — деді ол.

Сонымен қатар жиында мектеп бағдарламасына қаржылық сауаттылық бойынша жеке пән енгізу ұсынысы талқыланды.

«Қаржылық сауаттылық бойынша қосымша пән енгізу туралы мәселе көтерілген еді. Алайда мұндай курс 2021 жылдан бастап 5-11 сыныптар аралығында оқытылатын «Жаһандық құзыреттілік» пәні аясында мектеп бағдарламасында бар. Ал 1-4 сынып аралығында қаржылық сауаттылық курсы «Дүниетану» пәніне біріктірілген. Бізде онсыз да оқушылардың жүктемесі үлкен, сондықтан тағы да қосымша пән енгізу тиімді емес. Біз бағдарламаларымыздың мазмұнын, әсіресе оларды өзектендіру үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша қайта қарауға дайынбыз», — деді Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева.

Ал Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешешенқұлов жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың сауаттылығын арттырумен студенттік омбудсмендер айналысатынын айтты. Ол ведомство орта арнаулы және жоғары оқу орындары үшін қаржылық сауаттылық бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді жалғастыратынын айтты.



халық санының өсуі мәселесі инфрақұрылымның проблемаларын ғана айқындап отырған жоқ, сонымен қатар осының әсерінен адамдардың біркелкі қоныстанбауын да көрсетіп отыр. Бүгін Қазақстанда радикалды урбанизация процесі жүріп жатқанын көріп отырмыз, онда ауылдық жерлердегі жастар, сондай-ақ орта жастағы адамдар өздерін жұмыспен қамтамасыз ету үшін және жақсы өмір сүру үмітімен жаппай қалаға көшуде. Бірақ «құмырсканың илеуіндей» құжынаған тұрғын үй кешендері мен барак үлгісіндегі баспаналарда тұруға, 6-7 адамнан бір бөлме жалдауға мәжбүр. Мұндай өмір салты «адами капиталдың» жетіспеушілігіне әкеледі. Бұл ұғым – демографияның негізгі тақырыптарының бірі. Сәйкесінше, нашар жағдайда өмір сүру адамның мәдениеті мен құндылықтарының деңгейіне сөзсіз әсер етеді.

— Еліміздегі азаматтардың орташа жасы қандай және ол қай салаларға тікелей әсер етеді?

— Қазақстанның демографиялық жылнамасының деректеріне сәйкес, 2023 жылдың басында қазақстандықтардың орташа жасы – 32,1. Айта кету

— Қазақстанның демографиялық жағдайындағы көші-қонның рөлі қандай? Халықаралық көші-қон тенденциялары бар ма және ішкі көші-қонды бақылау үшін қандай шаралар қабылданды?

— Қазақстанның ғана емес, кез келген елдің демографиялық жағдайында көші-қонның рөлі өте маңызды. Бізге келетін болсақ, сыртқы және ішкі көші-қон мәселелерін жауапты құрылымдар шешеді. Бірақ мұндай ведомстволар тек ағымдағы көші-қон көрсеткіштерін тіркеу, деректерді жинау және өңдеу секілді операциялық жұмыспен айналысады. Алайда көші-қон саясаты демографияның негізгі процестерінің бірі және болжамды қажет етеді. Мұндай үрдістер көші-қон ведомстволарының бағдарламаларында қамтылмаған. Сондай-ақ көп жағдайда осы мекемелердің долбарларында орта және ұзақмерзімді үрдістер ескерілмейді немесе стихиялық көші-қон процестері ғана көрсетіледі.

— Алдағы онжылдықта демографиялық ахуалды дамытудың қандай перспективалары бар?

— Қазақстандағы демографиялық ахуалды дамыту перспективаларына қатысты демографиялық қауіпсіздікті

бүгінде халықты басқарудың орта және ұзақмерзімді мемлекеттік стратегиясы немесе жоспарлар жоқ. «Қазақстан-2030 және 2050» ұлттық стратегияларында демографиялық қолдаудың маңыздылығы туралы қысқа да нұсқа айтылғаны болмаса, арнайы тоқталмағанын көреміз.

— Статистикадан тыс мемлекет тарапынан қандай демографиялық зерттеулер жүргізілуі қажет?

— Туу және көші-қон мәселелерінде халықтың ішкі қалауы, ниеті мен жоспарлары бойынша демографиялық зерттеулер, аурулар мен өлім-жітім мәселелері бойынша ғылыми-демографиялық зерттеулер міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ ағымдағы көрсеткіштер мен үрдістер негізінде қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді барлық деңгейдегі демографиялық болжамдарды жүйелі түрде жасалуы қажет. Бұл ықтималдығы жоғары демографиялық тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік береді. Өкінішке қарай, мемлекеттік деңгейде мұндай болжамдар жүргізілмейді, Үкімет тарапынан осы тектес жобаларға қолдау көрсетілмейді. Оны әртүрлі шағын ведомство, салалық ғылыми-зерттеу ұйымдары немесе ынталы ғалымдар жүргізсе де, демеушілік жетіспейді. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне келер болсақ, олардың негізгі қызметі – ағымдағы демографиялық деректерді жинау, өңдеу, талдау және жариялау. Сондықтан бүгінде мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан демографиялық зерттеулер жоқ. Жоғарыда айтып өткен «адамдар мен инфрақұрылым» мысалында біз бұл мәселе әрбір қазақстандықтың өмірінде қаншалықты проблемалар туғызатынын көріп отырмыз.

— Білім беру жүйесі мен денсаулық сақтау саласын, еңбек нарығын демографияға байланысты қандай тәуекелдер күтіп тұр?

— Бүгінде мемлекеттік демографиялық және гео-демографиялық мәселелердің ауқымды зерттелмеуі әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз ету проблемаларының туындауына әсер етеді. Егер білім беру жүйесін айтар болсақ, әсіресе қалалық жерлерде сыныптарда орын жетіспеушілігі байқалады. Ал ауылдық жерлердегі мектептер, кәсіптік білім беру орталықтары, кәсіби кадрларға зәру. Қазақстанның көптеген ауданы мен өңірінде мектеп ғимараттарының болмауы, интернет желісінің жеткіземеуі де басты мәселе. Тіпті, елорданың кейбір шағын аудандарында да үш ауысымды мектептер бар. Денсаулық сақтау жүйесінде ауруханаға арналған типтік ғимараттар мен кәсіби кадрлардың аздығы немесе жоқтығы күн тәртібіндегі мәселе. Медициналық техника және арнаулы көлікпен қамтамасыз ету де кезек күттірмеді. Осылайша, білім беру, денсаулық сақтау, еңбек нарығында демографиялық проблемалар бұрынғы болжам емес, бүгінгі шындығымызға айналып отыр және күн сайын күрделене түспек...

— Сұхбатымыздың соңында жалпы елімізге демография жөніндегі уәкілетті орган қажет пе деген мәселеге тоқтала кетсек.

— Әрине, бізге елдегі демография жөніндегі уәкілетті орган керек-ақ. Бүгінгі сұхбатымыздан демография —

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ НЫҒАЙТУ ҚАЖЕТ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, 2023 жылдың қыркүйегінде Қазақстан халқы 19 млн 944 мың адамнан асты. Халық санының өскені экономикалық дамуға оң әсер еткенімен, инфрақұрылым, денсаулық сақтау, білім саласы мен еңбек нарығындағы ауқымды мәселелерді күн тәртібіне шығармақ. Осы тұрғыда демограф ғалым, Чарльз университеті (Прага қ., Чехия) «Болашақ» бағдарламасының түлегі Аида Байғараевамен сұхбат құрған едік.

— Аида Есімханқызы, Қазақстан халқы 20 миллион адамға жуықтады. Қазір демографияға қатысты қандай өзекті проблемалар бар?

— Көбіне аумағы және халық саны бойынша Қазақстанды Франциямен салыстырып жатады. Францияның аумағы Қазақстаннан 5 есе аз, ал халқы шамамен 67 млн адам. Осыған байланысты Қазақстан тәуелсіздігін алған 1990 жылдардың басында көптеген отандық демограф біз үшін халықтың оңтайлы саны 60 млн адам болуға тиіс екенін айтқан болатын. Сол кездері халық санын ұлғайту бойынша көптеген бағдарлама іске қосылды. Алайда халық санының көбеюі барлық мемлекеттік құрылыммен және ең бастысы инфрақұрылыммен тығыз байланысты кешенді процесс екенін ескеру қажет. Бүгінде Қазақстан 20 миллионға жетті — бұл жақсы, әрине. Дегенмен осының әсерінен көптеген әлеуметтік-экономикалық проблема туындайды. Жергілікті жерлерде отандық өндіріс (зауыттар, фабрикалар және т. б.) пен жұмыс орындары бар ма, балабақша, мектеп, аурухана, тұрғын үй, жол айрығы және көлік



керек, бұл — Қазақстан Республикасы халқы жас екенін дәлелдейтін жақсы көрсеткіш. Алайда демографиялық жүктеме проблемасы туралы ұмытпау қажет, өйткені балалар мен еңбекке жарамсыз қарттардың мәселесі еліміздің экономикалық белсенді тұрғындарына кері әсер етпек. Мұндай жағдайда орта жастағы тұрғындарға, еңбек пен табыс мәселесінде көп ауыртпалық түсіп, тіпті өндіріс пен экономикада көрініс табатынын көреміз. Нәтижесінде, қазір барлық салада кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі проблемасы туындап отыр.

— Елдегі туу мен өлім-жітімге қандай факторлар әсер етеді? Оларды реттеуге бағытталған бағдарламалар бар ма?

— Жасыратыны жоқ, туу мен өлім-жітімге әсер ететін фактор өте көп. Оның ішінде халықтың денсаулығы, тұрғын үй мәселесі, экономикалық тұрақтылық пен ертеңгі күнге деген сенімділік беретін тұрақты жұмыс орындары және тағы басқалар. Бұған 1990 жылдардың басында туу көрсеткіштерінің төмендеуі, 1998 жылдан бастап өсе бастағаны дәлел. Мүмкін, келер арасында халық санының табиғи өсімі экономикалық тұрақтылыққа тікелей байланысты емес те шығар. Өйткені экономикасы төмен мемлекеттердегі туу деңгейінің жоғары екенін көреміз. Бірақ еліміздегі туу динамикасын әр жылға сәйкес талдай келе, бұл екі саланың дамуына да өзара байланыс бар екеніне көз жеткіземіз. Қазақстандағы туу мен өлім-жітімге әсер ететін барлық процесті терең және егжей-тегжейлі қамтитын бірде-бір мемлекеттік бағдарламаны атай алмаймын. Бүгінде Үкіметтің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы ретінде бекітілген бір ғана мемлекеттік бағдарлама туу мен өлім мәселелерін шешуге бағытталған. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз, өйткені бағдарламаның фокусы тек денсаулық факторына ғана қатысты. Содан кейін бұл бағдарламаны іске асыру мерзімі 2021 жылдан 2025 жылға дейін қысқа мерзімді, ал туу мен өлім-жітім процестері ұзақмерзімді болжамды қажет етеді. Сонымен қатар бағдарламаның мақсаты «әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз етуге» бағытталған, демек денсаулық мәселелерін ғана шешеді.

шұғыл түрде нығайтуымыз қажет екенін атап өткен жөн. Демографиялық қауіпсіздік — ең алдымен, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын ішкі және сыртқы демографиялық қауіп-қатерлерден қорғау. Бұл кем дегенде мемлекет мәртебесінің геосаяси, экономикалық, этникалық және басқа да түрлерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Экономикалық қауіпсіздікке келер болсақ, біз жоғарыда Қазақстанда экономикалық белсенді халыққа демографиялық жүктеме жоғары екенін айтып өттік. Яғни, қартайған, сондай-ақ еңбекке жарамсыз жас буын өкілдері экономикалық белсенді азаматтарға біршама салмақ түсіріп отыр. Демографиялық проблемалар туралы болжамдармен

шұғыл түрде нығайтуымыз қажет екенін атап өткен жөн. Демографиялық қауіпсіздік — ең алдымен, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын ішкі және сыртқы демографиялық қауіп-қатерлерден қорғау. Бұл кем дегенде мемлекет мәртебесінің геосаяси, экономикалық, этникалық және басқа да түрлерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Экономикалық қауіпсіздікке келер болсақ, біз жоғарыда Қазақстанда экономикалық белсенді халыққа демографиялық жүктеме жоғары екенін айтып өттік. Яғни, қартайған, сондай-ақ еңбекке жарамсыз жас буын өкілдері экономикалық белсенді азаматтарға біршама салмақ түсіріп отыр. Демографиялық проблемалар туралы болжамдармен



қатынасы, ауылдық жерлерде азық-түлік дүкендері қолжетімді ме? Әрине, бұл тұрғыда Қазақстанда үлкен орта мектептерде бір сыныпта 40 адамға дейін оқыған кезде қазақстандық азамат ауылдық жерде (ауылда) тұрып, уақы-

тылы медициналық көмек ала алмаған кезде және көршілес аудандық ауруханаға қалай жетуге болатыны туралы әдістер мен тәсілдерді табуға мәжбүр болған кезде Қазақстан қатты қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар




бөліссек, алдағы онжылдықта халықтың қартаюы бойынша көрсеткіштер тағы да артады. Сонымен қатар Қазақстандағы еңбекке қабілетті азаматтарға экономикалық жүктеме күшейіп, адами капитал құнсыздана түспек. Ал көңіл көншітерлік мәселелердің бірі ретінде әйелдердің өмір сүру ұзақтығы шамалы да болса жоғарылайды. Ал қысқа мерзімді болжамдарға сай туу көрсеткіші орташа деңгейден асып барып қайта төмендейді. Өкінішке қарай,

бұл қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын кешенді және қолданбалы ғылым екенін байқаған шығарсыз. Сондықтан мемлекетте міндетті түрде бір орталықтан басқарылатын, барлық саламен және ведомствомен өзара байланыс орнататын мемлекеттік уәкілетті орган болуға тиіс.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН



«ЖЕРҰЙЫҚ КӨРЕМ ДЕСЕҢ КЕГЕНГЕ КЕЛ...»

Арзан әуебилеттерін іздеу бойынша сервис талдаушылары зерттеу нәтижесінде шетелдіктердің елімізге қызығушылығы артқанын анықтады. Мәселен, еліміздегі туристік ағым өткен жылмен салыстырғанда 11 пайызға өскен. Туристік әлеуеті жоғары өңірлердің арасында Алматы қаласы көш бастап тұр. Дүниежүзі халқының бұл қалаға көптеп ағылуына облысқа қарайтын Кеген ауданының жауһары саналатын Көлсай мен Қайыңдының ықпалы басым. Ал осынау табиғат жаратылысына иелік етіп отырған Кеген ауданының бүгінгі ахуалы қандай?

Жақында бір топ алматылық журналист Алматы облысының Кеген ауданына қарай жол тартты. «Аудан» деген аты болғанымен, бұл өңір күллі Қазақстан үшін экономикалық маңызы бар ресурсқа ие. Баспасөз туры аясында ауданның туризмдік әлеуетімен, атқарылып жатқан серпінді жұмыстармен таныстық. Еске салатын маңызды жайт, биыл шілде айында Кеген ауданына су жана әкім

берілмейтінін, биыл қажетті техникалармен қамтамасыз етілетінін атап өтті.

— Алдымызда қысқы кезең келе жатыр. Жоспарға сәйкес, 15-20 қазанға дейін қысқы техникаларды дайындап жатырмыз. Оған қоса, жалға алынатын 25 бірлік қысқы техникаға конкурс ойнатылды. Сондай-ақ орталық аппараттан жалпы республикаға жаңадан техника алынып жатыр. Соның ішінде бізге қатысты Алматы және Жетісу облысы бар. Жалпы көлемнен бізге бірнеше бірлігі қарастырылатын болады. Алдағы жылы тағы да қосымша жана техника сатып алу көзделіп отыр, — дейді ол.

Келесі аялдама — Кеген ауданында салынып жатқан «КегенМясПром» ЖШС ет өңдеу зауыты. Қазір Кеген, Райымбек, Ұйғыр ауданында 3 мыңға жуық шаруа қожалығы бар. Ет зауыты аталған аудандардағы малдың түгел өңделіп, сату орындарына жөнелту үшін логистикалық жоба ретінде іске асып отыр. Жобаның толық

Кеген ауданында ет комбинаты жұмыс істеген. Алайда Токтар Баймолдаев зауыттың жабылып қалуы экологиялық талаптарға сәйкес келмеуінен екенін айтты.

— Бұрын Кегенде ет комбинаты болған. Зауытты бұзған себебі экологиялық талаптарға сәйкес келмеуі еді. Ал қазіргі салынып жатқан зауыттың орны эколог мамандармен бірлесіп отырып таңдалды. Кездейсоқ алынған жер емес. Зауытқа әкелінген технологиялардың халықаралық сертификаты бар. Ал кадр мәселесіне келер болсақ, қазір әкімдіктің жұмыспен қамту бөлімі бұл істі қолға алып отыр. Бізге технолог, механизатор, мал бордақылау маманы, агроном сынды ауыл шаруашылық мамандарының бәрі керек, — дейді Т. Баймолдаев.

Биыл ауданда 20 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, енді халық игілігіне берілмек. Журналистер мінген көлік қазқатар орналасқан үйлердің арасынан өтіп бара жатып салынып жатқан үйлердің құрылыс жұмыстарын бақылады. 2018 жылдан бері осы күнге дейін 81 үй салыну үстінде екен. Дәл сол жылы мұнда 15 үйдің құрылысы басталған. Ал 2019-2021 жылы қатары өсіп, тұрғын үйдің саны 36-ға жеткен. Аудандық құрылыс желтоқсан айында басшысы Дархан Маусымбаевтың сөзінше, қазір 20 үй толығымен аяқталды. Ал тұрғын үйлерді қоршау жұмыстарын одан өзге тағы да жаңадан бой көтеріп келе жатқан тұрғын үйлерді байқадық. Бұл 30 үйдің құрылыс жұмыстары екен. Құрылыстың ұзақтығы — 12 ай. Яғни, келесі жылдың сәуір айына дейін толығымен аяқталып, көптің қолданысына беріледі. Ал тұрғын үйлерді иесіне табыстау қалай жүзеге асырылады?

— Тұрғын үйлерді беру үшін арнайы талаптар бар. Біріншіден, адамның басында баспанасы болмауы тиіс. Көбіне әлеуметтік осал топтарға көңіл бөліп отырмыз. Биыл мемлекеттік қызметкерлер бұл санатта жоқ. Үй кезегінде 482 адам тұр. Үш жылдың көлемінде біршама үй салынды. Мына жақта 35 үйдің жобалау жұмыстары жалғасуда. Сәуір айында экспертиза жасалса, бұл үйлердің де құрылыс жұмыстарын бастаймыз. Жер таңдау жағынан ешқандай қауіп жоқ. Жобалау жұмыстары кезінде арнайы құрылғылармен тексеріледі, — деді құрылыс бөлімінің басшысы.

Тұрғындар арасында аяласын іске асырып, кейбір баспананы жалға беріп қойғандар бар көрінеді. Құрылыс бөлімінің басшысы китүрқы әрекеттің назарға іліккенін, үйлерді қайта алып қоятынның ескертті.

— Жасыратыны жоқ, тұрғын үйлерді жалға беріп қойған адамдар бар. Басында мұндай сыбыстар шықты. Өздері Алматыда тұрады. Оның барлығын анықтадық. Қолдарына ескертпесін бердік. Тұрғын үйлерді қайта аламыз. Қазір анықтағанымыз бойынша 5 отбасы үйін жалға берген, — дейді Д. Маусымбаев.

Биыл аудан орталығындағы үш мектептің балалары бір мектепте оқуға мәжбүр. Оның негізгі себебі — екі бірдей

мектепке күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуі. Біз барған Кеген ауылындағы К.Нүрпейісұлы атындағы мектеп-лицейдің сыйымдылығы 640 балаға арналған. Мектептің құрылыс жұмыстары маусым айында басталған. Кеген аудандық білім бөлімінің басшысы Мұратжан Қожанұлы құрылыстың кешігіп басталу себебін арнайы мамандардың бір-бірімен келіспеушілігі салдарынан екенін алға тартты. Мұратжан Қожанұлының айтуынша, қазір құрылыс жұмыстарының

шыға келді. Бұл — Бестөбе су қоймасы деп аталады екен. Бүгінде дәл осы су қоймасының арқасында кәсіпкер азаматтар жобасын оңтайлы іске асырып отыр. Fishtech компаниясының басшысы Шыңғыс Максұтбекұлы бастаған топ мұнда форель балығын Норвегия технологиясының негізінде өсіруді қолға алған. Тағы бір диттеген мақсат — форель балығының экспорттық әлеуетін ұлғайту. Бестөбе су қоймасына келген туристер Исландияны көргендей әсер алады. Тіпті, бұл аймақ туристер арасында «Қазақстанның Исландиясы» атанып кеткен.

— Біздің мақсатымыз — өңірге Қазақстандағы ең алғашқы еуропалық бейімделген балық шаруашылығы өнеркәсібін алып келу. Осы жылға 600 тонна шығаруды көздеп отырмыз. Кеше ғана 150 шабақты отырғыздық. Америкалық-еуропалық технологияға бейімделген өзіміздің шабақтарымызды өсіріп, әрі қарай балықты өңдеп, тұр-түрін шығарамыз. Мұнда келушілер «бұл Исландия ғой» деп жатады. Исландияның сапасындай балық шығару басты мақсаттарымыздың бірі саналады, — дейді компания басшысы Шыңғыс Максұтбекұлы.

Баспасөз турының нүктесі «Көлсай көлдері» ұлттық паркінде қойылды. Алматыға келген әрбір туристің ат басын бұрмайтын кеппейтін мекені де дәл осы «Көлсай көлдері». Туризм саласын дамытуда Көлсайдың республикадағы маңызы зор. Ресми деректерге сүйенсек, 2021 жылы Көлсайға 185 мыңға жуық демалушы келсе, былтыр олардың саны 210 мыңға жеткен. Ал биыл тоғыз айдың ішінде 213 мың адам келіп, олардан қазынаға 71 миллион теңге салық түскен. Демалыс аумағында келушілерге арналған асхана мен мейрамханалардан да саны өскен. Айта кетейік, биыл Көлсайға 4G интернет желісі тартылған. Ұлттық парк аумағында 57 қонақүй орналасқан. Жийн соңында Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Тенізабаевты сұхбатқа тарттық. Ол түйін сөзінде ауыл шаруашылығынан бөлек, туризмді қолға алатынын, өңірде түйін тарқамаған мәселелердің оң шешілуіне білек сыбана кірісетінін жеткізді.

— Қазір облыс әкімінің қолдауы жоғары. Айтылған мәселенің барлығы кезең-кезеңімен шешіліп, жобалар сапалы жүзеге асуы үшін жұмыстар атқарып жатырмыз. Ауданымызда 775 шақырымдық жол бар. Ол республикалық, облыстық және аудандық болып бөлінеді. Жол мәселесі бұрыннан бар. Оны жақсы білемін. Ойылған, тесілген жолдарға жөндеу



тағайындалған еді. Ол Қазақстан грек-рим күресінің балуаны, жастар арасында әлем чемпионы, 2008 жылғы Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері — Нұрбақыт Тенізабаев.

Алматы қаласынан жүйткіп шыққан көлігіміз Кеген ауданының жолына келгенде, жылдамдығымыз да баяулай түсті. Оған себеп — жыл сайын басынан дау арылмаған жол мәселесі. Туристік аймақ екенін ескерсек, мындаған демалушыны Көлсай мен Қайыңдыға алып баратын жол жағдайының ақап тұрғаны алаңдатады. «ҚазАвтоЖол» компаниясы Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Жасұлан Қалтаевтың сөзінше, қазір Көкпек — Кеген тасжолында орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Келер жылы дәл осы бағытта кезең-кезеңімен күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынады. Ал жалпы саны 89 шақырымды құрайтын Кеген — Нарынқол тасжолының жағдайына келер болсақ, мердігер ұйым конкурс негізінде төртінші әрекеттен кейін анықталған. Жасұлан Қалтаев мердігер ұйымның ұзақ анықталуының себебін өңірде арнайы зауыттың болмауымен түсіндірді. Енді анықталған мердігер ұйым алдағы көктем айында іске кіріседі. Әзірге 85 шақырымның 15 шақырым жолына арналған техникалық құжаттама дайын көрінеді. Онымен қоса, келер жылы қосымша 20 шақырым алуды жоспарлап отырғанын тілге тиек етті.

— Жергілікті тұрғындардан шамалы шыдамдылық сұраймын. Түсінемін, өзін де сол халықтың азаматымын. Бірақ осындай жағдай болып тұр. Дегенмен жұмыстарды барынша жеделдетуге тырысамыз, — дейді Ж.Қалтаев.

Қысы қатал аймақта, әсіресе қар жауғаннан кейін жол мәселесінің ахуалы одан сайын ушыға түседі. Таулы өңірде қар ұзақ жататыны белгілі. Осы тұста журналистер сұрақ астына алған Жасұлан Қалтаев өткен қыстағы қателіктерге жол

құны — 2,5 миллиард теңгеге жуық. Ет комбинаты тәулігіне 50 ірі қара, 150 ұсақ мал, 10 жылқы союға қабылдайды. Жылына 2500 тоннадан астам ет, 330 тоннадан астам шұжық, 70 тоннаға жуық консерві өндіру жоспарланған. «Базис» компаниясының вице-президенті Токтар Баймолдаев ет комбинатын желтоқсан айында іске қосуды жоспарлап отырғанын айтты.

— Бұл жоба пайдалануға берілсе, халыққа үлкен сүйеу болады деп ойлаймын. Бес ауданда мұндай зауыт жоқ. Ет өңдейтін зауыттың бәрі Алматыда. Ал осы бес ауданның халқы малын көлікке басып, базарға өткізіп әлек болып жатыр. Менің ойымша, бұл — жақсы бастама. Бұдан кейін жем шығару, тері өңдеу зауыттары іске қосылып, шалғай жатқан аудандардың дамуына себеп болады деп ойлаймын.

Вице-президент зауытты салуға не себепті бұл аймақтың таңдап алынғанын үш бірдей Ұйғыр, Райымбек, Кеген аудандарының осы нүктеде түйісуімен байланыстырады. Сонымен қатар зауыттың республикалық жолдың бойында орналасуы, экологиялық қауіпсіздік мәселесі қоса ескерілген екен. Зауыт қаладан 10 шақырым қашықта орналасқан. Өткенге көз жүгіртсек, бұған дейін



Кеген табиғаты — мал шаруашылығы үшін таптырмас орын. Тіпті, мал шаруашылығы саласын бизнес көзі ретінде дөңгелетіп отырғандар бар. Оған дәлел Кеген ауданында орналасқан — «Талас» өндірістік кооперативі. Мұнда бір сиырды азықтандыру үшін күніне 12 келі жем беріледі. Бір сиыр күніне 20 литр сүт береді. Барлық мөлшерді қоса есептегенде, өндіріс орны күніне 1 тонна сүт алады. Айбол Болатұлының айтуына қарағанда, өндірілген сүт өнімдері Алматыдағы жекеменшік кәсіпорындарға өткізіледі екен. «Сүті мол бұл сиырларды 2019 жылы Чехиядан алып келдік. Қазір әкелінген сиырлардың саны екі есеге өсті. Өндіріс орнына қажетті технологияларды Түркиядан арнайы алдырттық. «Шырша» сүт сауу аппаратымен күніне 400 литр сүт өндіріледі. Қазір 18 адам жұмыспен қамтылған», — дейді А. Болатұлы.

Сүт өндірісінің ахуалымен танысқаннан кейін келесі аялдамаға бағыт алдық. Жоспарланған орынға жетеміз дегенше біраз шақырымды артқа тастадық. Таулардың арасымен жүріп келе жатып, өңірдің көз суріндірер сұлу табиғатына танданысымызды жасыра алмағанымыз рас. Алдымыздан тұнық көлдің көрінісі

жұмыстар жүргізілуде. Мен өзгертемін, жаңалық ашамын демеімін. Бұған дейін де Кеген ауданы — мал шаруашылығына бейімделген, тау аймағындағы халық. Табиғатымызға көпшілік қызығу қарайды. Біз туризм саласын Көлсай, Қайыңдыға ғана емес, басқа да аймақтарда дамытуға күш саламыз, — дейді аудан әкімі Н.Тенізабаев.

Бүгінде Кеген ауданындағы халық саны 28 мыңнан асып жығылады. Ауданда 5 мың оқушы бар. Оның 3 мыңға жуығы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Биыл 4 496 оқушы мектеп табылдығын аттады. Жана әкімнің айтуынша, аудан халқының қазіргі сұранысы — ауысу мен интернет, жайылым жер мәселесі. Қазір осы мәселелерді шешу жолында жұмыстар атқарылып жатқанын алға тартты. Бір күнімізді арнаған баспасөз турынан көп дүниені ұғындық. Айта-айта жауыр болған мәселелермен бетпе-бет келіп, халықтың мұн-мұқтажынан да құлағдар болдық. Кегеннің көркіне көрік қосқан тұмса табиғатын тамашалап, бойымызға рухани күш жинап қайттық.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

XX ғасырдың 20-30-жылдарында әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан КСРО империясында ғалымдар өкімшіл-тоталитарлық деп ат қойған жүйе қалыптасты. Атының өзі бесіктегі баланы шошытар бұл не қылған жүйе, оның жеңісі мен жетістігі, кемшілігі мен қасіреті қандай болды деген сұрақтарға міне талай жылдардан бері ғалымдар жауап іздеуде. Бұл тоталитарлық жүйенің ең көп зардабын тартқан халықтардың бірі – біздің қазақ халқы. Қазіргі қолда бар деректерге сүйеніп айтатын болсақ, жаппай қуғын-сүргін жылдары елімізде 105 мың адам ұсталып, оның 25 мыңы атылған екен. Яғни, бүкіл қазақ халқының бет қаймағы жазықсыздан-жазықсыз атылып кетті деген сөз. Сол мыңдаған жазықсыз құрбан болған қайраткерлердің қатарында қоғам және мемлекет қайраткері, облыстық және республикалық деңгейдегі партия, кеңес және шаруашылық салаларында еңбек етіп, артынан өшпес із қалдырған Зейнолла Төреғожиннің есімі өзіндік құрметке лайықты.



БІЗ ТӨРЕҒОЖИНДІ НЕГЕ ҰМЫТТЫҚ?

Зейнолла Сейітжанұлының өмірбаянына қатысты ұлттық энциклопедиямыздың деректеріне сүйенер болсақ, ол 1899 жылы бұрынғы Атбасар уезі Қызылкөл болысында (қазіргі Ақмола облысы) орта шаруа жанұясында дүниеге келген. Атбасардағы 2 сыныпты орыс-қазақ училищесін 1919 жылы бітірсе, мұғалімдер курсы 1920 жылы тәмамдаған. Зейнолла Сейітжанұлы – 1928–1929 жылдары Мәскеу қаласындағы сауда академиясында оқыған сол кезеңдегі санаулы қазақ жастарының бірі. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, кеңестік билік жағына шығып, кеңестік билікті орнату жолында бел шеше еңбек етеді. 1920 жылы БК(б)П қатарына өтеді. 1921–1922 жылдары Атбасар уездік партия комитетінің хатшысы, ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, азық-түлік жөніндегі уездік комиссардың орынбасары, 1922–1924 жылдары Ақмола губерниясы жер бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Ақтөбе уездік атқару комитетінің төрағасы болды. 1924–1927 жылдары Ақмола губерниялық кәсіподақ кеңесі төрағасының орынбасары, губерниялық сыртқы сауда бөлімінің меңгерушісі, Қызылжар өлкелік мемлекеттік банк кеңесі басқарушысының орынбасары болса, 1927–1928 жылдары Мәскеуде БОАК төралқасындағы Қазақстанның өкілетті өкілі болды. 1930 жылдан ҚАКСР жабдықтау халық комиссариатының бөлім бастығы. 1931 жылдың қантарынан қыркүйегіне дейін ҚАКСР жабдықтау халкомының орынбасары және Қазақ мемлекеттік сауда басқармасының төрағасы болды. Бұл кезеңде республика өте күрделі жағдай қалыптасқан еді. Қалыптасып отырған күрделі жағдайдың басты себептерінің біріне Голощекиннің басшылықтың жаппай ұжымдастыруды күштеп жүргізуі, мал басын колхоздарға жинау кезіндегі малға қажетті жем-шөптің, қора-қопсының болмауы салдарынан мал шаруашылығы орасан зор күйзеліске ұшырады. Қазақ халқы өзінің негізгі күнкөрінісін айналып, Осы кезеңдегі еліміздегі мал басының күрт кемюіне тікелей орталықтың жүргізіп отырған саясаты да өз әсерін тигізді. Мәселен, 1929 жылы 20 желтоқсанда орталық партия комитеті «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» қаулысын қабылдады. Осы қаулы негізінде «Одақтық ет өнімдері» акционерлік қоғамдары құрылып, бұл қоғамдар тікелей Мәскеу мен Ленинградты және тағы да басқа Ресейдің өндірісті орындарын етпен қамтамасыз етуге тиіс болды. Аталған өңірлерді етпен қамтамасыз ету тікелей Қазақстанға жүктелді. Міне, сондықтан да республикамызда ет өнімдерін дайындау науқаны «қарқынды» жүргізілді. Бұл өз кезегінде қазақтың негізгі күнкөрісі мал шаруашылығының күйреуіне алып келді. Еліміздегі ұжымдастыруды жүргізу науқаны «аса қарқынмен» орындауға кірісіп кеткен Голощекин бастаған әлепбақандардың мал шаруашылығына қырғидай тиген әрекеттеріне алғашқы болып қарсы тұрған, оның арты үлкен зардаптарға ұрындыратыны жөнінде дабыл қаққан қайраткерлердің бірі Зейнолла Сейітжанұлы болатын.

мының орынбасары болып істеп жүрген Зейнолла Сейітжанұлы республика қазіргі уақыттағы қалған мал саны шамамен төрт жарым, бес миллион деген шынайы мәліметті бере отырып: «дәл қазіргідей мөлшерде мал дайындау саясатын жалғастыра берсек, республика мал шаруашылығы бұған төтеп бере алмас» деп қаймықпай шындықты мәлімдеді. 1931 жылдың өзінде-ақ шамамен бес миллиондай ғана мал басы қалды деп, батыл түрде дабыл көтерген азаматтың пікіріне құлақ тұру былай тұрсын, голощекинлік билік қайта оған қарсы баспасөз бетінде партия пленумының қарарларында негізсіз айыптар тақты, оны қолдағандарға «төреғожиншілдік» деген айдар тағып, қуғынға ұшыратты. Өз басынан сөз асырып көрмеген Голощекинге де бұл шынайы шындық әрине ұнамалы. Республика өміріндегі келенсіз әрекеттерді батыл ашып көрсетіп отырғандардың бәрін өзіне қарсы шығушылар деп қабалдайтын ол шындықты айтушы қайраткерлерге қарсы күресін «белсенді» жүргізетін. Бұл жолы да Голощекин бұған дейін де

мәлімет береді. Сол кезеңдегі үкіметті басқарып отырған О.Исаевтың және тағы басқалардың Зейнолла Төреғожин айтқандай, мал шаруашылығының апатты жағдайға ұрынғанын көрмеуі мүмкін емес. Бірақ олар тарапынан елде болып жатқан ауыр әлеуметтік-

лып, мәжіліс 21 шілде күні Фрунзе аудандық партия комитеті қабылдаған: «буржуазияшыл-ұлтшыл, халық жауы ретінде партия қатарынан шығарылысын» деген қаулысын бекітеді.

Зейнолла Төреғожин жазықсыз қудаланып, қамауда жатқан кезінде оны

қаралау әрекеттері жан-жақты жүргізіліп жатты. Мәселен, 1937 жылдың 2 тамызы күні «Социалистическая Алма-Ата» газетінде Г.Матвеев дегеннің мақаласы жарияланды. Мақала авторы ҚАКСР кеңшарлар халық комиссары Х.Дүйсеновтен бастап, наркоматтың қызметкерлері А.Матусевич, З.Төреғожиндерді сын тезіне алады. Оны ұлтшыл-фашистік ұйымның белсенді мүшесі деп айыптаумен қатар, З.Төреғожин ауру малдарды совхоздарға сатуға бұйрық берді деп кінәлей келе, «З.Төреғожин қамалғаннан кейін де біраз уақыт өткеніне қарамастан, ол қабылдаған бұйрықтар мен нұсқаулар әлі күнге дейін күшінде. З.Төреғожин қабылдаған қызметкерлер наркоматта жұмыс істеп келеді. Олар З.Төреғожинді мықты басшы, өз ісіне берілген қызметкер деп есептейді», – деп жазды. 1937 жылдың 24 шілде күні төртінші бөлімінің бастығы В.Иванов тарапынан жүргізілген алғашқы тергеуде: «Сіз антисоветтік ұлтшыл ұйымның құрамында болып, тұтқындалғанға дейін антисоветтік жұмыстарды жүргізгеніңіз үшін айыпталып отырсыз. Осыған сіз өзіңізді кінәлімін деп мойындайсыз ба?» деген сұраққа «өзімді кінәлімін деп таныймын» деп жауап беріпті. Ал сол алғашқы тергеуден бірнеше күн өткеннен кейін 29 шілде күнгі тергеу барысы мен тергеуде берілген жауаптар басқа арнада өрбіген. Назар аударатын бір жағдай, 29 шілде күні болған тергеу барысына тікелей Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары Л.Залин қатысқан. Бұдан НКВД жөндеттерінің Зейнолла Сейітжанұлының ісіне аса зор мән бергенін байқаймыз. Және олар көздеген мақсатына жеткен секілді. Яғни, жинақтап айтқанда, 29 шілде және 1 қыркүйек күндері өткізілген тергеуде Зейнолла Сейітжанұлы өзін «кінәлімін» деп мойындап, қамауға алынғанға дейін антисоветтік ұлтшыл ұйымның белсенді басшыларының бірі болғанын, Қазақстанда капитализмді орнату үшін күрескенін, оған 1935 жылдың аяғында Н.Нұрмақов тартқанын көрсетіпті. Азаптап қинау, жалған куәләрды ұйымдастыру, тергеуде жатқан айыпталушыларды бір-біріне қарсы арандатып, айдап салу айла әрекеттері арқылы тар қапастың зардабын тартып жатқан қайраткерлерді өздері істемеген істерге мойындатудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін меңгерген НКВД-ның жөндеттері Зейнолла Сейітжанұлын да мәжбүрлеп мойындатқызыған. Яғни, неше түрлі қылмыстарды мәжбүрлеп мойындатқаннан кейін, ол «жасаған» қылмыстардың аясы кенейіп, 1937 жылы 20 қазанда Зейнолла Сейітжанұлына қосымша айыптар тағылды да, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2, 8, 9 және 11-бөлімдері бойынша қосымша айыптар тағу жөнінде қаулы шықты.

экономикалық жағдайға шынайы талдау жасалмады. Аштан, суықтан өліп жатқан малдың басын сақтап қалу, мал басын сақтау арқылы қазақ халқының өзінің өмірін сақтап қалу үшін ешқандай да нақты қадамдар жасалған жоқ. Көпірме жалған ұрандармен қазақ ауылдарын ұжымдастыруды одан әрі жалғастырып, халықтың аштыққа ұрынуы одан әрі тереңдете түсті. Егер де Зейнолла Сейітжанұлы сияқты қайраткерлердің жанай-қайына құлақ түріп, дер кезінде қажетті жағдайларды жасағанда әлі де болса,

миллионнан аса жанның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік бар еді.

Зейнолла Сейітжанұлы 1931–1935 жылдар аралығында әуелі Алматы облысындағы қой шаруашылығының, одан соң Шығыс Қазақстан облысы Павлодар ауданының қой кеңшарының директоры және Ақтөбе қой өсіру тіресінің директоры болып абыройлы еңбек етіп, мал шаруашылығының білікті маманы ретінде және ұйымдастырушылық жұмыстарда өзін көрсеткеннен кейін 1936 жылы Қазақ КСР-і астық және мал шаруашылығы кеңшарлар халық комиссарының орынбасары лауазымына жоғарылатылды. Өкінішке қарай, бұл оның өміріндегі соңғы қызметі болатын. Бүкіл қазақтың зиялы қауымын, ұлт жанашырларын айналып өтпеген сталиндік жаппай қуғын-сүргіннің қанды тырнағына Зейнолла Сейітжанұлы да ілікті.

Төреғожин 1937 жылы 15 шілдеде НКВД тарапынан тұтқындалып, оған: «1935–1937 жылдары Қазақстанда болған контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшыл, төңкерісшіл-лаңкестік және диверсиялық-зиянкестік ұйымның белсенді мүшесі» болды деген айып тағылды. Қайраткер тұтқынға алынғаннан кейін-ақ, артынша көп ұзатпай НКВД-ның жетегіндегі партия ұйымы істің артын күтпей-ақ одан бас тартты. 1937 жылы 8 тамызда өткен БК(б)П Алматы қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде Зейнолла Сейітжанұлының мәселесі кара-

Сонымен, Зейнолла Сейітжанұлын тергеу ісі аяқталып, 1937 жылы 5 қарашада айыптау қорытындысы жарияланды. Айыптау қорытындысында Қазақстанда жұмыс істеген антисоветтік ұлтшыл лаңкестік-төңкерісшіл және тыңшы-қаскөйліктің анықталғаны және жойылғаны, сондай-ақ бұл ұйымның өзінің алдына Кеңес өкіметін құлатуды, Қазақстанды қарудың күшімен КСРО-дан бөліп әкетуді және Жапонияның қол астындағы буржуазиялық Қазақ мемлекетін құруды мақсат еткені кең көлемде баяндалумен қатар, тікелей Зейнолла Сейітжанұлына мынадай айыптар тағылды: «З.Төреғожин Мәскеуде жұмыс істеген антисоветтік ұлтшыл ұйымның басшылары Нұрмақов, Рыскулов және Қожановтар мен Қазақстандағы ұлтшыл ұйымдардың арасындағы байланысы болды. Н.Нұрмақовтың тікелей тапсырмасымен Қазақстандағы ұлтшыл ұйымдарға орталық Мәскеудің нұсқауларын жеткізіп отырды. Атап айтқанда:

- а) Қазақстандағы халық шаруашылығы саласында қастандық зиянкестік жұмыстарды өрістетуді;
- б) Кеңес өкіметі мен партия басшыларына қарсы лаңкестік әрекеттерді жүргізуге дайындалу;
- в) төңкерісшіл мамандарды тарту нәтижесінде шетелдік интервенция қарсаңында қарулы көтеріліс жұмыстарын жүргізу;
- г) кеңестік билікке қарсы халықтың наразылығын туғызу және колхоздық құрылысты жаман етіп көрсету жұмыстарын жүргізу;
- д) оңшылдар, троцкишілер және ұлтшылдардың ұйымдасқан блогын құру».

Бір басына осыншама «қылмыстарды» аркалаған Зейнолла Сейітжанұлының ісін қарау КСР одақтық жоғары соты әскери коллегиясының қалауына жіберілді. 1938 жылы 25 ақпанда өткен әскери коллегияның сот мәжілісінде Зейнолла Сейітжанұлы өзін «кінәлімін» деп мойындамады және бұған дейін берген жауаптарынан бас тартқан. Десек те, әскери коллегияның қарамағына іліккен қайраткерлердің істерінің барлығы сотта қаралды дегеніміз болмаса, аты бар да заты жоқ сот мәжілістері формалды түрде өткізіліп, адам өмірі аяқасты етіліп отырды. Зейнолла Сейітжанұлына қатысты сот процесі де солай болып шықты. Ол әскери сот коллегиясының шешімімен РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2, 8, 9 және 11-бөлімдері бойынша айыпталып, ату жазасына кесілді және ату жазасы да сол күні орындалған.

Зейнолла Сейітжанұлының отбасы жөнінде де бірер сөз. Қайраткер тұтқындалған кездегі толтырылған анкетасы: әйелі Хадиса, ұлдары Арыстан, Рүстем, Марат, Мұрат, қарындасы Салжан, інісі Абдусадық. Асырауында жеті адам бар делінген. Хрущев «жылымығы» жылдары бұрын жазықсыз жазаланған тұлғалардың туған-туыстары өздерінің жақын жандарын іздегіру жұмыстарын жүргізгенде Зейнолла Сейітжанұлының үлкен ұлы Арыстан Төреғожин КСРО-ның бас прокуроры Руденконың атына 1955 жылы 2 шілдеде жазған шағым арызында: «Қазақ КСР астық және мал шаруашылығы кеңшарлар Халық комиссарының орынбасары болып істеген менің әкем Зейнолла Төреғожин 1937 жылы жаз айында Қарағанды қаласында іс-шаралармен барғанда НКВД тарапынан тұтқындалған. Содан бері біздің жанұямыздың әкемізден ешқандай хабары жоқ. Мен өзім 1942 жылдан бері ВЛКСМ мүшесімін, бірақ біздің жанұямызға жағылған қара таңба менің және менің бауырларымның артынан қалмай келеді. Жоғарыда айтылған жәйттерге байланысты, заңды талап ету бойынша Зейнолла Төреғожиннің қылмыстық ісін алдырып және тексеріп, нәтижесін мына адреске хабарлауыңызды өтінемін» деп, өкесінің ісіне байланысты істің ақ-қарасын анықтап беруді сұрайды.

1957 жылы 30 мамырда өткен КСРО жоғарғы әскери алқасының соты бас әскери прокурордың қорытындысында айтылған: «Зейнолла Төреғожиннің ісінде қылмыстық құрамның жоқтығы, Төреғожин негізсіз сотталған, оны ісіндегі материалдар бұрынғы НКВД қызметкерлерінің қолдан бұрмаланған істері» деген тұжырымдармен келісе отырып және қосымша тергеу материалдарын да тексеріп, «КСРО жоғарғы әскери коллегиясы Зейнолла Төреғожинге қатысты шығарылған КСРО жоғарғы әскери алқасының үкімі жойылсын және құрамында қылмыстың болмауына байланысты ол жөніндегі іс қысқартылсын» деген шешім шығарды.

Осылайша, арада 19 жыл өткеннен кейін ардақты азаматтың асыл есімі ақталып, «Халық жауы» деген қара күйе жаласы алынған болатын.

Халқымыздың тарихында есімі елеусіз қалып, еленбей келе жатқан тұлғалар қаншама! Ер есімін ардақтау, елге таңыту, ұлт түту – елдіктің белгісі. Осы тұрғыдан алғанда, Зейнолла Төреғожин сияқты қайраткерлерге лайықты құрмет көрсету бойынша алдымызда көптеген жұмыстар тұр!

Досалы САЛҚЫНБЕК,
К.Сәтбаев атындағы
ҚазҰТЗУ профессоры

Дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған қазақтың басы бір қосылып мәре-сәре болды. Бұл туралы газетіміздің өткен санында да жазған болатынбыз. «Отандастар» қорының ұйытқы болуымен өткен форумның бұл жолғысы бұрынғылардан шын мәнінде өзгерек бағытта өткенін былайғы жұрт түгел айтып жатты.

Көбіне, іскер жандардың басын бір шаңырақ астына жинағаннан кейін әңгіменің ауаны да іскерлік саласынан бөлек білім мен ғылым бағытында өрбитіні бар. Заманында тарихтың түрлі толқынымен әлемнің сан алуан еліне шашырай қоныстанған отандастардың бүгінгі ұрпағы – шынымен де білімді әрі білікті және елден ерек дарынды.

Бүгін сол білімді жандардың бірнешеуімен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.



АТАЖҰРТПЕН ҚАУЫШТЫ АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН



Иешим САВАШ,
Крей қаласы әкімінің орынбасары
(Франция):

АРҚАСҮЙЕР ОТАНЫМНЫҢ БАРЫН СЕЗІНДІМ

— Иешим, сіздің бұл Қазақстанға алғаш келуіңіз болар. Қандай әсерлесіз?

— Шынымды айтайын, бұл – ата-жұртқа алғаш келуім. Мені мұндағылардың барлығы таниды екен. Өзім таңғалып жүрмін. Келесі жылы арнайы қыдырып, ел аралап қайтсам деген жоспар құрып үлгердім. Қазақстанды өзімше зерттеп, атажұрттағы халықтың, өз қазағымның тұрмыс-тіршілігімен танысам деймін. Астана да маған қатты ұнап қалды. Керемет. Зәулім ғимараттары мен ерекше мәдениетін байқадым. Заманауи қала екен. Мен Отанымның мұндай әсем болғанына қуанып тұрмын. Сыртта жүрсем де мұндағы кейбір жағдайлармен таныспын.

— Келесі жылы келем деп отырсыз, сонда қай жерлерге баруды нақты жоспарладыңыз?

— Дәл қазіргі сәтте менің ойыма ақпарат құралдарында көп айтылатын Алматы, Көкшетау, Түркістан қалалары түсіп тұр. Алдағы уақытта тағы да зерделеп, зерттеп, жоспар жасайтын боламын. Анаммен де ақылдасамын.

— Сіздің түрікше, ағылшынша және француз тілінде еркін сөйлейтініңізді білеміз. Жалпы, сіз тұратын Францияда қазақтілді орта бар ма? Ол жақта қазақтар бар. Олармен байланыстарыңыз қалай?

— Дұрыс айтасыз, менің қазақшам өте нашар. Париж қаласында қазақ тілін үйрететін курстар бар. Сол жерге баруым керек. Міндетті түрде өзімнің қазақ тілімді жетілдіруді көздеп отырмын. Келесі жылы үйренемін деп өз-өзіме уәде бердім. Анамның қазақшасы жетік. Бірақ ол кісі, неге екенін білмеймін, менімен түрік тілінде сөйлеседі. Мен кейде қазақша сөйлесейік деп ұсыныс айтамын. Анам менің қазақшамның нашарлығына қарап қинағысы келмейтін болар. Енді анаммен тек қазақша сөйлесетін боламын. Мұндағы барша қазақ жұрты мені жақын

тартып, құшақ жая қарсы алғанына риза болдым. Үлкен отбасыммен қауышқандай сезімде жүрмін. Францияға барған соң ондағы қазақтарға, туыстарым мен достарыма «Қазақстанға барыңдар! Шынымен көп рет естігенше, бір рет барып көру керек екен!» деп айтып баратын болдым.

— Жалпы қазақ жұртына, Отаныңызға және өзіңіз сынды қазақ аруларына не айтасыз?

— Мен бүгін тағы да қазақ болып туғаным мақтанып тұрмын. Сонымен бірге саясат сахнасында жүрген қазақтың қызы екеніме мақтанамын. Қазақстан Үкіметі әйелдерге, жастарға көп мүмкіндік беріп жатқанын естіп-біліп отырамын. Сондықтан атажұртта мен секілді саясатқа араласып жүрген жауапкершілігі жоғары қазақ әйелдерінің көп екені көңіл қуантады.

Осыдан үш жыл бұрын «Түркістан» басылымы менен сұхбат алды. Сол сұхбатымнан кейін Қазақстанда мені іздеушілер, колдаушылар қатары көбейді. Әлеуметтік желідегі жеке парақшаларыма достық жол-



дап, хабарлама жіберетіндер саны күрт өсті. Алғашқыда мән бермедім. Тіпті, тікелей байланысқа шығып, онлайн сөйлескісі келетіндердің саны артты. Журналистер де жиі хабарласа бастады. Сол кезде барып мен өзімнің тілекшілерім барын, шын мәнінде арқасүйер ұлы Отанымның, іздеушілерімнің барын сезіндім. Ал бүгін өздеріңізбен жүзбе-жүз кездесу бақытына кенеліп тұрмын.

— Қазақстанға келуге дайындалып жатқан сәтте қандай сезімде болдыңыз?

— Шынымды айтсам, алғашқыда кәдімгі көп іссапардың бірі сияқты сезіндім. Артынша ұшаққа мінген шақта басқаша сезім билеп алды. Мені елде құшақ жая қарсы алады деп ойламадым. Әсіресе, журналистер қауымы қаумалап алады деп күтпедім. Басқа елден келген қандастармен байланыс орнатып, визит карточкамды бердім. Алдағы уақытта мемлекеттік деңгейде жоба жасау туралы ойымды ортаға салдым. Жалпы, осы жолғы форумның маған бергені мол болды. Алда біздің тараптан маңызды қадамдар мен кездесулер болады, күтіңіздер.



Нұрбек БАБАНҰЛЫ,
нейрохирург:

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНА ОТА ЖАСАУДЫҢ ТЫҢ ТӘСІЛІН ҮЙРЕТКІМ КЕЛЕДІ

Әлемдік медицинаға енгізген – он-түстіккореялық нейрохирург Контек Лим деген ғалым еді. Бакытыма орай, маған осы ғалымнан тәлім алу бұйырыпты. Кейін өзі мені тікелей шәкірті етіп алды. Қазір әлем бойынша стеноскопиялық тәсілмен ота жасауда Контек Лим ұстазымыздан кейін менің көрсеткішім жоғары болып тұрған себебі – осы.

— Сонда сіздерден кейінгі бұл тәсілмен ота жасаған дәрігерлер жоқ па?

— Жоқ, менен кейін де ғалымның шәкірттері немесе салада ота жасап жатқан дәрігерлер көп, әрине. Тек алғашқы болып біз қолдана бастадық. Мысалы, мен күніне кем дегенде 7-8 сағат тікмен тік тұрып ота жасаймын. Ғылыми дәлел бойынша, дәрігердің рейтингісі ота жасау уақытының ұзақтығы мен пациенттердің аяққа тұрып кетуі арқылы есептеледі. Жасаған оталарымының сәтті болып жатқанын байқаған болуы керек, «Алтын қолды дәрігер» деген арнайы марапат берді. Бұл әлемдегі медицина саласы бойынша озық мамандарға берілетін марапат екен. Кейін білдім. Ал 2017 жылы Моңғолия үкіметі «Жас талант хирург» деген марапат ұсынды. 2018 жылы «Үздік эндхирург» марапатын алдым. Маған дейін бұл атақ Моңғолиядағы қазақ дәрігерлеріне берілмеген екен. Отбасым үшін менің марапаттарым үлкен қуаныш болды.

— Отбасым деп қалдыңыз. Білуіңше, өкеніз де дәрігер болған екен...

— Иә, менің әкем де дәрігер. Ал атам елге білікті сынықшы болған. Адамның үгітіліп кеткен сүйегін сипап отырып жинап береді екен. Кейін сол адамдардың көбі келіп атама алғысын айтып жататын. Бір сөзбен айтсам, шипагер болған. Бұл енді біздің әулетке қанмен сінген қасиет шығар. Бала күнімде өзім де дәрігер болуды армандайтын едім.

— Сізді арнайы шақырып, ота жасату жолында тәжірибе алмасатын елдер көп шығар?

— Осы күнге дейін 13 мемлекетте болыппын. Тәжірибе бөлісіп, стеноскопиялық ота жасадым. АҚШ, Жапония, Еуропа елдерінен де шақырту келді. Озық

технология болғандықтан көптеген елдің мамандарына үйрету мақсатында шақырту келеді. Қазір стеноскопия тәсілі ғылым ретінде дамып келеді. Бұл әдістің ерекшелігі – мойын, бел омыртқасының қозғалыс кезіндегі сырқатын қимылға қарай анықтап, нақтылайды. Соған сай емдеу шарасы жүргізіледі. Өзім келесі жылы докторлық диссертациямды осы стеноскопиялық ота жасау тақырыбында қорғамақпын. Қазір әлем бойынша нейрохирургиялық ота арқылы сырқатын емдеткісі келетін науқастардың саны көбейіп кетті. Бұл, әрине, өте қиын жағдай. Сондықтан адамдар жас кезінен бастап өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарағаны абзал. Біздің халық бөлім ауырады, мойным қозғалтпай қалды деп жүре беретіні бар. Бұл сырқаттың соңы ота жасауға дейін алып келеді. Сондықтан бастысы, сырқаттың алдын алу керек. Бір ғана бел ауруының 40 түрлі себебі бар. Бұл ғылыми дәлелденген. Сондықтан сырқаттың дәл кай түрі екенін де анықтап барып емдеген жөн.

— Ал форум туралы не айтасыз? Атажұрт сізді қалай қарсы алды?

— Шынымды айтсам, алғашында шақыру қолыма тиген кезде менің форумға қандай қатысым бар деп ойладым. Артынша бәрін түсіндім. Қазақстанға бұған дейін де келдім, бірақ бұл келуімнің жөні бөлек болды. Қазақ жастарының жігерін байқадым. Әлемнің дамыған елдерінде жоғары жетістікке жеткен замандастарымын бар екенін көріп қуандым. Талай жоспарлар мен мақсаттарға қол жеткізе алатынымды нақты сезініп тұрмын. Солардың қатарында қазақ жастарын тартып, ота жасаудың тың тәсілін үйрету болып тұр. Отанымның өрге озуы жолында қолымнан келгенше үлесімді қосқым келеді. Ал, әрине бұл жолғы жиын мені ерекше мерейлендіріп жіберді. Ота үстелінен бір сәтке алыстатып, әлем қазақтарының көкжиегіне көз тастадым. Өте кен-әрі заңғар екенін ұқтым. Алғыстан басқа айтарым жоқ. Мұндай басқосулар тағы да болуы керек деп ойлаймын.

Бердібек ҚАБАЙ





Болон — жоғары білімнің еуропалық кеңістігін құру процесі. Ол жүйеге қосылудағы мақсатымыз — қатарынан оза шапқан оқу орындарының қолданысында жүрген озық тәжірибелерді өз елімізге енгізу. Болон арқылы білім саласына үш сатылы жоғары білім енгізу, академиялық кредиттер жүйесін қабылдау, еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілетін арттыру көзделді. Студенттердің білім деңгейін бағалау кредиттік жүйе арқылы іске аса бастады. Болон процесінің идеясы студенттер үшін тиімді. Себебі елімізде еуропалық жүйеде оқытатын оқу орындарының студенттері үшін білімін шыңдау мақсатында бір семестр бойы Еуропа университеттерінде оқу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл Академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Болон процесі аясында оқуын тәмамдаған бітірушілердің дипломы Еуропа елдері мен оқу орындары арасында мойындалады. Яғни, шетелде жұмыс істеп немесе білімін әрмен қарай жалғастыруға мүмкіндік бар деген сөз.

Болон процесінің тағы бір артықшылығы — студенттер өздері таңдаған курстар бойынша білім алады. Модульдік жүйе, электронды курстар, қашықтан оқыту — Болон жүйесінде көрсетілген басты тетіктер. Студенттердің білімі ECTS кредиттік жүйесі арқылы бағаланады. Кредиттік оқу жүйесі қазір Еуропаның біршама жоғары оқу орнында қолданыста еніп үлгерген. Сонымен қатар міндетті пәндер мен тандау пәндеріне арнайы кредит бөлінеді. Әр кредиттің белгіленген құны бар. Бұл тәсіл студенттің өздігінен ізденіп, қабілеттерін дамытуға жол ашады. Оқыту жүйесінде көрсетілген тағы бір маңызды тетік — студент оқытушыны тандау еркіндігінің берілуі. Білім алушы пәндер мен оқытушыны тандау арқылы болашағына қажетті білімді бойына сіңіре алады. Аталған әдіс студенттің қажеттілігі үшін ғана емес, оқытушының біліктілігін арттыруда да тиімді. Себебі студентке қажет ресурстарды беру үшін оқытушылардың бір-бірімен бәсекелестігі артып, тәжірибесі заман ағамына қарай жанырап отырады.

Ресми деректерге сүйенсек, Болон процесінің атауы алғашқы еуропалық университеттің отаны атанған Италиядағы Болонья қаласының құрметіне орай қойылған. Көптің талқылауына салынған оқыту жүйесін алғаш осы қалада қабылдаған. 1999 жылы 19 маусымда Болонья қаласында жиырма тоғыз еуропалық министрдің бірінші конференциясы өтті. Осы жиында «Болон декларациясы» қабылданды. Болон жүйесінің негізгі түп бастауы да осы декларациядан шыққан. Декларация қабылданған соң білім саласының өкілдері әр екі жыл сайын тұрақты түрде Білім министрлерінің басқосуын өткізуді негізгі жоспар ретінде бекітті. Олардың алғашқысы 2001 жылы Прагада, 2003 жылы Берлинде, 2005 жылы Норвегияның Берген қаласында, 2007 жылы Лондонда, 2009 жылы Лувен-ла-Невада, 2010 жылы Будапештте, 2012 жылы Бухарестте, 2015 жылы Ереванда өтті. Жыл сайын Болон жүйесіне қосылуға ниет білдірген мемлекеттердің қатары арта түсті. Әсіресе, 2003 жылы Берлинде өткен Білім министрлерінің басқосында Болон декларациясына қол қойған елдердің саны қырыққа жетті.

Ал еліміз еуропалық білім жүйесін 2010 жылы 11 наурызда Будапешт қаласында өткен жиында қабылдады. Дәл сол жылдан бастап еліміз жоғары білім беру жүйесіне Болон процесінің параметрлерін белсенді түрде енгізе бастады. Айта кететін маңызды жағдай, Қазақстан Болон жүйесін қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болып саналады. Бізден кейін көршілес Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттері қатарға қосылды.

Еуропалық білім жүйесінің идеясы ұтымды болғанымен, оған қарсы шыққан білім және ғылым саласының өкілдері де табылды. Әсіресе, Ресейдің белгілі ғалымы, М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетін басқарған В.Садовничийдің көзқарасы көптің талқысына салынып, Болон процесіне қатысты мәселені ушықтыра түсті. Ғалымның айтуынша, Лиссабонда өткен Еуропа ректорларының конференциясында Болон процесі талқыға түскен. Барлық ректор еуропалық оқыту жүйесін есбiр

осындай мүмкіндіктер беріледі. Ал оқытушылар мен деканат студенттерге білгенімен бөлісіп, қуана көмектеседі, — дейді.

СТУДЕНТКЕ БЕРІЛЕТІН ЕРКІНДІК — БАҒА ЖЕТПЕС МҮМКІНДІК
Әйгерім өңгіме барысында өзі білім алған университеттің тәжірибелерін мысалға алды. Кейіпкеріміздің айтуына қарағанда, Алматы Менеджмент университеті АҚШ-тың үздік университеттерінің бірі — Arizona State University-мен серіктестік құрып, Cintana Education альянсының өкілі атанған. Осының арқасында студенттер жана білім беру бағдарламаларына оқуға түсе алады. Үш жылда АҚШ және Қазақстандық қос дипломның иесі атанып қана қоймай, Arizona State University репозиторийындағы баға жетпес материалдарға қол жеткізе алатын көрінеді.

Сондықтан студентке берілетін бостандық — баға жетпес мүмкіндік деп санаймын, — дейді Алматы Менеджмент университетінің студенті Ә.Қариева.

Бағдарламалық ұтқырлық бағдарламасының арқасында шетел асып, Еуропаның беделді университеттерінде оқу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстанда Академиялық ұтқырлық бағдарламасының жүзеге асырылуы 2011 жылдан бастау алды. Ресми статистикаға сүйенсек, 2011-2020 жылдар аралығында жалпы бюджеттік және бюджеттік емес қаражат есебінен Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға кеткен студенттер саны 17 007 адамды құрайды. Өркениетті мемлекеттердің оң тұстарынан біздің де үлгі алуымыз — даму баспалдағымызды ілгерілетуде маңызды қадам.

Дегенмен кейбір білім саласы мамандарының айтуынша, Болон процесінің

енбектерімен емес, ақша төлеп, ағылшын тілді журналға жарияланған мақалалармен бағаланатыны өкінішті. Сәйкесінше, мақаласы ағылшын тілінде жарық көрген маманның рейтингі «айқайлап тұр».

КӨБІНЕ ПӘНДІ СТУДЕНТТІҢ ӨЗІ ТАҢДАМАЙДЫ
Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының дерегіне сүйенер болсақ, бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарының саны — 117, оның ішінде ұлттық университеттері саны — 11, мемлекеттік — 27, халықаралық — 2, акционерлік университеттері — 15, жекеменшік — 47, автономиялық университеттері — 1 (Назарбаев университеті), азаматтық емес — 14 университетті құрайды. QAZBILIM GROUP компаниясының басқарма төрағасы Аятжан Ахметжанұлы отандық білім беру жүйесі Болон процесінің талаптарына толыққанды жауап бере алмайтынын, тіпті университет деп атауға келмейтін оқу орындарының барын айтып ашынады. Білім саласы төңірегінде маңызды сауалдарымызға жауап алу үшін сарапшы Аятжан Ахметжанұлымен байланысқа шықтық. Ол әлі күнге дейін күрмеуі шешілмеген мәселелерді шегелеп атап өтті:

— Қазақстандағы білім жүйесі Болон процесінің параметрлеріне толыққанды жауап береді деуге келмейді. Көрсеткішпен бағамдасқанда, шамамен 50-60 пайыз беруге болатын шығар. Оның өзінде ұлттық, мемлекеттік санаттағы санаулы университеттері ғана. Еліміздің жоғары оқу орындарында көп жағдайда пәнді студенттің өзі таңдамайды. Оқыту пәндерін кафедра бекітеді. Тіпті, ұлттық университеттердің өзінде кафедраның мүмкіндіктеріне қарай студенттерге оқыту пәнін өздері таңдап береді. Бірақ формалды түрде құжаттарында пәнді студенттер өзі таңдағандай етіп көрсетеді. Студенттер өз еркімен оқытушы мен пәнді таңдай алады деп айтып жатады. Бәлкім, кейбір университеттердің оқыту жүйесінде қалыптасқан шығар. Егер студентке еркіндік берілсе, басқа өңгіме. Мәселен, бір мамандыққа дәрісті кафедранан қай мұғалім өте алады деген сұрақ туындайды. Егер оқытушы мен пәнді кафедра шешетін болса, бұл жерде қандай еркіндік бар? Болон процесінің талаптары қайда? — дейді ол.

Аятжан Ахметжанұлы Болон процесінің отандық ғылымды дамытуда рөлі орасан екенін қоса айтты.

— Ғылымға қанша қаражат салсаң, сонша қайтарымын аласың. Ғылым кеңістікте жасалмайды. Зертханада, ғылыми орталарда жүзеге асады. Егер еліміздің білім жүйесінде Болон процесінің механизмдері дұрыс қолданылмаса, студенттердің сапалық білім алуы үшін тиімді деп айта алмаймын. Әлемге мақтаншып көрсете алатын қандай ғылыми жаңалықтарымыз бар деген сұрақты өзімізге қойып көруіміз тиіс. Ғылыми мақалаларымыз өндіріске айналған кезде ғана пайдасын береді. Өкінішке қарай, бізде өндіріске айналған ғылыми жетістігіміз әзірге жоқ, — дейді ол.

КӨПСАЛАЛЫҚ ДЕГЕН ҰҒЫМНАН АРЫЛУЫМЫЗ ТИІС
Осы тұста сарапшадан отандық білім жүйесіне қатысты айтар ұсынысын сұрап көрдік. Аятжан Ахметжанұлы материалдық базалардың жетіспеушілігі мен диплом сатағын «жалған университеттерден» арылу, салалық университеттерді көбейту туралы шерін тарқатты:



Еліміз еуропалық білім жүйесін 2010 жылы 11 наурызда Будапешт қаласында өткен жиында қабылдады. Дәл сол жылдан бастап еліміз жоғары білім беру жүйесіне Болон процесінің параметрлерін белсенді түрде енгізе бастады. Айта кететін маңызды жағдай, Қазақстан Болон жүйесін қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болып саналады.

олқылқтары да жоқ емес. Себептерін атап өтейік. Олардың сөзінше, біріншіден, Болон процесін сол күйінде қабылдап алуымыз білім сапасына айтарлықтай әсер еткен. Мысалы, қатарға бізден кейін қосылған Орта Азия елдері Болон процесінің елге қажет деп саналған тұстарын, әсіресе, тіл мәселесі тұрғысынан ұлттық ерекшеліктерін ескерді. Қоғамдық пәндердің барлығы өз ана тілінде өтілетін болды. 2012 жылдан бастап жоғары оқу орындары үшін тілде оқыту (көптілділік) және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асырды. ЖОО оқытушының бұл әдісі — халықаралық білім кеңістігінде, еңбек нарығында мобильді, ағылшын тілін жетік меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау еді. Елімізде бұрын қазақ тілінде өтілетін пәндер ағылшын тіліне көшіп, оқу бағдарламасының үш тілде жасалуы талап етілді. Екіншіден, сарапшылар студенттер мен оқытушылардың университеттің деңгейі балмен, одан қалса рейтингімен өлшенетінін алға тартады. Үшіншіден, ұлттық білімі мен ғылымы өз тілінде «сөйлемейі». Университетте PhD докторанттары үшін Thomson Reuters, Scopus рейтингтеріне кіретін ағылшын тіліндегі журналдарға мақала жариялаудың міндеттелуі сөзімізге дәйек болмақ. Мұндай мәселе тек докторанттарға ғана емес, жоғары оқу орнының ұстаздарына да тән. Ұстаздардың еңбегі өздері жазған ғылыми зерттеу

БОЛОН ПРОЦЕСІ:


Кредиттік оқу жүйесі, академиялық ұтқырлық, шетелдік оқу орындарымен байланыс және тағысын тағы... Отандық білім жүйемізге дәл осы ұғымдардың сіңіп кеткеніне он үш жылдан аса уақыт өтті. Аз да емес, көп те емес. Бірақ шындап келгенде негізгі нысана санында емес, білім жүйесіне әкелген сапасында. Кейде еліміздің жоғары оқу орындарында Болон процесі жайлы аз-кем ақпаратты құлағымыз шалып жатады. Тіпті, университет қабырғасында Болон процесіне байланысты құрылған арнайы ұйымдар да жұмыс істейді. Бірақ олардың көздегені не? Болон процесінің өзі несімен ерекшеленеді?

13

Жылдары

ЖЕТІСТІГІМІЗ

ҚАҢДАЙ?



жағдайда қабылдауға болмайтынын, университетті біріздендіру мүмкін еместігін ашық айтты. «Болон процесі еңбек интеграциясы үшін қажет болды және саяси себептердің басымдылығымен енгізілді», — дейді ол.

Болон процесі елімізге жеткенде, пікірлер ағыны екіге бөлінді. Бірі жүйені қолдап, оның білім беру саласында озық тәжірибе екенін айтып ағынан жарылса, екіншісі Болонның ұлттық ерекшеліктерімізге сай келе бермейтінін, білім алушының оқу үлгеріміне кері әсер ететінін айтып дабыл қаққан еді.

Әйгерім Қариева — Алматы Менеджмент университетінің үздік түлегі. Ол бакалавриатты менеджмент, кәсіпкерлік және маркетинг білім беру бағдарламалары бойынша тәмамдаған. Қазір аталған оқу орнының «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 2-курс магистранты. Бакалавриатта үш бірдей мамандықты игеріп шыққан Әйгерім Болон процесінің талаптары студент үшін тиімді екенін айтады. Оның сөзінше, қазіргі білім беру жүйесі Болон процесіне негізделген принциптерге сәйкес келеді:

— Бірден үш мамандықты меңгеру — өзіннің жеке қалауым. Мүмкіндік берілсе қолдану керек қой деген ой болды. Осындай мақсатпен үш мамандықты меңгеріп шықтым. Алғашқы мамандықты еліміз жыл сайын бөлетін мемлекеттік грант арқасында игерсем, екіншісін Ержан Тәтiшев атындағы қордан ұтып алған грант негізінде, ал үшінші мамандығымды университеттің ішкі гранттың ұтып алып оқыдым. Иә, университетте оқу барысында



— Қазақстандық білім беру жүйесі күннен-күнге жақсарып келе жатыр. Тәлімгерлер шетелдік оқу орындарынан тәжірибе алады. Ал университеттер әлемнің үздік оқу орындарымен серіктестік құру мүмкіндігіне ие болу арқылы бәсекеге қабілетті, инновацияларға толы, заман талабына сай білім беру бағдарламаларын ұсынады. Кейбір жұмыс берушілер тек бакалавриат дипломын аяқталмаған жоғары білім ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл, әрине, ыңғайсыз. Алайда әр маманның кәсіби дағдыларына байланысты жалақыдағы айырмашылықты жоюға болады. Оған қоса, мұндай жұмыс берушілердің саны күннен-күнге азаюда.





ЖАҢА ЗАУЫТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістанда жаңа өндіріс ошақтарын салу жұмысына аса мән берілуде. Айталық, киелі шаһарда құрылыс материалдарын шығаратын ірі тораптық зауыт құрылысының капсула салу рәсімі өтті. Аталған зауыт Түркістан қаласындағы TURKISTAN арнайы экономикалық аймағында салынып жатыр. Жаңа жобаның іске қосылуы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

Айта кетейік, іргетасы қаланған компанияның құрылысы келер жылы аяқталады деп күтілуде.

Жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайтын өндіріс орнында пайдалануға берілгенде жылына 15 000 тонна полимерлі құбырлар мен пластмассадан жасалған бұйымдар және тамшылатып суаруға арналған таспалар жасалатын болады. Жаңа зауыт ісін BAS POLIMER компаниясы қолға алған.

Зауыттың іргетасын қалау рәсімінде Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бұл жобаның әлеуметтік маңыздылығына тоқтады. Облыс әкімінің айтуынша, жаңа кәсіпорын іске қосылғанда импортқа тәуелділік азайып, отандық өнімнің үлесі артатынын атап өтті. Дархан Сатыбалды облыста инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанына тоқталып, өндірісті дамытуға, жұмыссыздықты азайтуға бағытталған жобаларды бірлесіп атқаруға дайын екенін жеткізді.

— Өңдеу өнеркәсібін дамыту — біздің басты бағыттарымыздың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, облысымыздың өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін және қала тұрғындарына жаңа жұмыс орындарын ашуға үлесін қосатын TURKISTAN арнайы экономикалық

аймағында жаңа зауыт құрылысы басталғаны туралы. Түркістан облысында кәсіпкерлікті, өндірісті дамытуға зор мүмкіндік бар. Жұмыс күші де, инвесторларға арналған қолдау да жеткілікті. Жаңа кәсіпорын отандық өнімдермен қамтамасыз ету көлемін арттыруға және халықтың әл-ауқатын көтеруге өз септігін тигізеді деп сенемін, — делі облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Нысан пайдалануға берілгенде, компанияда бастапқыда 100-ге жуық түркістандық тұрақты жұмыс жасайтын болады. Өндіріс толықтай автоматтандырылған. Жобаны жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауға алынып, жұмыс барысында қоршаған ортаға шаң-тозаң, зиянды қалдықтар бөлінбейді. Ерекшелігі сол, зауытта шанды фильтрлеу жүйесі орнатылады. Жалпы, алдағы уақытта зауыт жұмысы жанданғанда сұраныс пен өндіріс қуаттылығына сай жұмысшылар саны артуы мүмкін.

Тағы бір белгілі болғаны, зауыттан өндірілген өнімдер еліміздің аумағынан бөлек, көршілес мемлекеттерге де экспортталады деп жоспарланып отыр.

Тельман БЕЙСЕНОВ,
Түркістан облысы

ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ҚЫТАЙДА ЖҮР

Түркістандық бір топ делегация облысқа инвестиция тарту, екіжақты сауда мен экономикалық ынтымақтастықты арттыру және жергілікті кәсіпкерлермен тәжірибе алмасу мақсатында Қытайға барды. Бұл туралы Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Тарқатып айтсақ, Түркістан облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы өкілдері бастаған, құрамында Сайрам, Сауран, Отырар, Қазығұрт, Ордабасы аудандары және Кентау қаласының әкімдері, сонымен қатар кәсіпкерлерден құралған делегация құрамы Қытай Халық Республикасының Линьцин қаласына іссапармен жүр.

Іссапардың басты мақсаты — Түркістан өңірінің дамуына серпін беретіндей жобаларды жүзеге асыру. Яғни, өңірге инвестиция тарту, екіжақты сауда мен экономикалық ынтымақтастықты арттыру және жергілікті кәсіпкерлермен тәжірибе алмасу.

Делегация алғашқы күні Қытай Халық Республикасының Шаньдонг провинциясының Линьцин қаласының әкімшілігі және бизнес өкілдерімен кездесті. Жиналыста Линьцин қаласының басшылығы қаланың тарихын, бизнес

климатын, ауыл шаруашылығы, өндіріс, қайта өңдеу салаларында жеткен жетістіктерімен таныстырды.

Түркістан облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма басшысының орынбасары С.Көшкінбай Түркістан облысы делегация құрамын таныстырып, облыстың инвестициялық тартымдылығы бойынша әзірленген арнайы видеоматериалды көрсетті. Сонымен қатар облысқа инвестиция салудың тиімділігі бойынша арнайы презентация жасалды.

Түркістандық делегацияның іссапары Қытай Халық Республикасының ірі өндірістік кәсіпорындарын аралаумен жалғасуда және соның аясында көрші елдің компанияларымен келіссөздер жүргізіліп, келісімдер жасалады.

Тельман ӘБДІБЕКҰЛЫ,
Түркістан облысы

«АНАЛАР ҮЙІН» ПАНАЛАП...

Орал қаласындағы «Аналар үйі» — көп әйелге пана болған орталық. Қазір орталықта төрт әйел мен бес бала тұрып жатыр. Орталық жетекшісі Зәмзағұл Шканова ана үйіне төмекке мұқтаж әйелдердің көп келетінін айтады. Біз орталыққа барып, жұмысымен танысып көрдік.

Орал қаласындағы «Аналар үйі» осыдан 10 жыл бұрын ашылған. Идея авторы — белгілі кәсіпкер, меценат Айдын Рахымбаев. Жалпы, «Аналар үйі» республика бойынша әр қалада жұмыс істейді. «Аналар үйін» ашудағы мақсат — жетім балалардың санын көбейтпеу. Бұл ізгі мақсат орындалып та келеді. Орал қаласындағы «Аналар үйінің» жетекшісі Зәмзағұл Шканованың айтуынша, республика бойынша 7 мыңдай бала жетімдер үйіне тапсырылмай, өз аналарының құшағында қалған.

Жесірін жатқа бермеген, жетімін жылатпаған қазақы қасиет бүгінгідей қатыгездігі басымдау қоғамда керек-ақ. Осындай адамгершілік қадамға жергілікті кәсіпкерлердің барып отырғаны қуантады.

Оралдық кәсіпкерлер тағдыр ауыртпалығын арқалаған осындай аналарға қолдау көрсетуде. Атап айтсақ, қаладағы «Ана үйіне» белгілі меценаттар Самат Дауымов пен Болат Каримов қол ұшын беріп отыр екен. Осындай кәсіпкер азаматтардың арқасында басына істүскен әйелдер жылы жерде сәби-лерін бағып, өмір сүруде.

Әкесі баладан бас тартып, алданып қалған қыздарды көбіне туыстары қабылдамайды. Қиын жағдайға душар болған қыз босанған соң баласын тастап кетудің амалын іздеуі мүмкін. Осындай күрделі тағдыр иелері туралы «Аналар үйіне» емханалар мен перзентханалар хабар береді екен. «Аналар үйінің» қызметкерлері дереу әйелге көмек қолын созады. Жататын жылы орын, тегін тамақ сәбиге керектің бәрі осы жерден табылады. Орталық әйел адам толықтай аяққа тұрып кеткенше қолдау білдіреді.

Орталық жетекшісінің сөзінше, «Аналар үйіне» келуші әйелдер көп. Биыл 23 әйел балаларымен келіп, паналапты.

— Қазір орталықта төрт ана мен бес бала тұрып жатыр. Негізі, орталық 12 адамға арналған. Біздің мақсатымыз — жетімдіктің алдын алу. Өмірдің қиын жағдайында қалған әйелдер баласынан бас тартпасын дейміз. Айналасынан, туыстарынан қолдау таппаған әйелдер кішкентай сәбилерімен келіп тұрады. Біздің орталықта аналар алты айға дейін тұра алады. Психологиялық, медициналық көмек көрсетеміз. Құжаттарын түгендейміз, көп әйелдер құжатсыз келеді. Әйелдер бұл орталықта тегін тұрады. Тамағы бәрі тегін. Бізге ол жағынан меценаттар көмектеседі, — дейді Зәмзағұл Шканова.

Орталықтың ашылғанына 10 жыл болған. Осы жыл ішінде 300-ге жуық ана орталық қызметін алған. Соның ішінде баласынан бас тартуды көздеген 120 ана болыпты. Ана үйінің психологтері көмегімен олар өз балаларынан бас тартпай, ол ойларынан айнаған. Яғни, 120 бала жетімдіктен аман қалған.



Орталық ішінде арнайы мамандар жұмыс істейді. Ең негізгі адам — психолог. Себебі тағдырдан теперіш көріп, басын тауға да, тасқа да соғып есенгіреп қалған әйелге бірінші орында қолдау керек. Аналар үйінде әйелдерге медициналық, психологиялық көмек көрсетіледі. Балаларын бақшаға орналастырады, өздеріне жұмыс тауып береді.

— Біздің орталық — ресурстық орталық. Біз әйелдерге жол сілтейміз. Өкінішке қарай, бізге келетін көп әйел сауатсыз. Ең қарапайымы құжатын да рәсімдемей жүре береді. Айналып келгенде өзінде құжаты жоқ әйелдің баласына құжат жасата алмай тағы қиналамыз. Жоғалтып алса, қайда барып кері рәсімдеу керек, ол үшін не істеу керек, жұмыссыз ретінде қайда, қалай тіркелу керектігін де білмейді. Медициналық тексерістен де өтпей жүре береді. Алдымен емханаға жіберіп, тексерістен өтуін сұраймыз. «Баланды дәрігерге көрсет» дейміз. Былай қарасаң қарапайым дүниелер ғой, бірақ осыны өздері жасауға сауаттары жетпейді, жүре береді. Біз осындай қарапайым қағидаларды айтамыз, жол көрсетеміз, — деп қынжылады орталық жетекшісі Зәмзағұл апай.

Жасыратыны жоқ, «Аналар үйін» паналап көбіне жетімдер үйінің түлектері келеді. Себебі олар өздері жетім өскен. Қолдайтын, қорғайтын ешкімі жоқ. Одан бөлек, материалдық көмек сұрайтын жалғызбасты аналар мен туысынан пана таппаған жас әйелдер де келеді екен.

— Қазір көбіне әйелдер материалдық жағдайын айтып шағымданады. Үкіметтің балаға беретін ақшасы мардымсыз, баланың жөргегінен ауыспайды деп ренжиді әйелдер. Тағы бір басты проблема — ауылдан қалаға келетін әйелдердің мәселесі. Үйі жоқ, күйі жоқ әйелдер негізі сол ауылдық жерден қолдау табуы керек қой. Қалаға келіп, олар одан сайын қиналады, — дейді Зәмзағұл Зайтқызы.

Білім басқармасының мәліметінше, БҚО-да бүгінде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған

745 бала бар. Облыста ата-анасыз қалған жетім балалар «Мейірім» бөбектер үйі мен «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылында» тәрбиеленеді.

— Біз орталыққа кейде баланы перзентханадан алып келеміз. Бұл жерде бауырсақ пісіріп, шілдехана жасап, баланы бесікке саламыз. Ұлттық салт-дәстүрдің бәрін жазаймыз. Ондағы мақсатымыз — жас аналардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, бала мен өйел арасына байланыс орнату. Өкінішке қарай, бізге келетін әйелдер ең қарапайымы баласын дұрыс емізуді де, жуындыруды да білмейді. Оларға ешкім үйретпейді. Қазір тұрып жатқан әйелдердің бәрі — жетімдер үйінің тәрбиеленушілері, — дейді орталық жетекшісі.

Біз барған күні орталықта 4-5 әйел бар екен. Олардың бірінің егіз бөпесі бар. Біз аз-маз әңгімеге тарттық.

— Мені осында алып келді. Босанғаным бір айдан асты. Негізі, үйім, күйеуім бар. Тек үй балалар үшін тұруға қолайсыз деп бізді осында әкелді. Қазір бөпелеріме қарасатын апайлар бар. Олар тыныш ұйықтайды. Жолдасым үйді жылытты, ыңғайлағасын өз үйімізге кетеміз, — дейді орталықтағы жас аналардың бірі.

Ал екінші келіншектің өзі жетімдер үйінің түлегі екен. Қазір аналар үйінде үш баласымен тұрып жатыр.

— Маған мұндағы қызметкерлер жұмыс тауып берді. Баламды балабақшаға орналастырды. Қазір жағдайым жақсы. Емханаға барып, қаралып жүрмін. Аналар үйінің бар екені қандай жақсы, мына суыққа баламен қайда барар едік, — делі ол.

Аналар үйінің жетекшісі Зәмзағұл Шканова осы орталықтағы әр әйелдің анысындай, ал балалардың әжесіндей болып кеткен. Айналып, толғанып. Бала бағып жүргені. Жүреkte мейірім болса өз балаң да, өзгенің баласы да сыяды екен-ау деп қайттық орталықтан.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



